ISSN 2074-899X

JAS QAZAQ

ҰЛТТЫҚ АПТАЛЫҚ • Газет 2005 жылдың 7 қаңтарынан шыға бастады

www.jasqazaq.kz vk.com.jasqazaq Jasqazaq Жас қазақ

№18
(694)
18 мамыр
2018 жыл

КӨКЕЙКЕСТІ

ЖАҢБЫР ЖАУСА ҚУАНБАЙДЫ

Көлік алғам. Қаланың шетінде тұрған соң, жұртқа ұқсап мен де ертелі-кеш бензиннің ақшасын шығарайын деп жол-жөнекей адам аламын. Қайсы күні «құйып тұрған нөсерге қарамай-ақ» екі жолаушыны іле кеттім. Екеуі де алпысты алқымдаған әйел. Жаңбыр жолды жауып, көше көл болып жатқанда өзіме де обал жоқ, пәлеге қалдым.

– Пойыздан кешігетін болдық, – деп қыр желкеме міниіп алды біріншісі.

– Сен, бала, тасбақа құсап жүрісің өнбейді екен, – дейді екіншісі.

– Айналайын апалар, енді ұшпасам, басқа амалым жоқ: көшенің бәрі кептеліс, – дедім, сабырым таусылып.

– Онда нең бар бізді алып? Әнебір кинодағыдай, ұшатын тәксиге мінетін едік қой, – дейді жасы үлкені – біріншісі.

– Сен, бала, «трасса» жүрсең, құдай біледі, ұшасың. Жаңбырдан қорқып, әдейі жүрмей келесің, – дейді жастауы – екіншісі.

– Менен жүйрік көлік тапсаңыздар, өздеріңіз-ақ жетіп алыңыздаршы! Ақшаларыңыздың қажеті жоқ,– дедім бір кезде желкемдегі екі апама бұрылып.

– «Мен ұрлық қылғанда айдың жарық болғаны-ай!» дегендей, өмірімде бірінші рет Шымкентке құдалыққа бара қояйын деп едім. Шелектеген жаңбырың мынау, сағыздай созылған жолың анау! Машинаңды бір өшіріп, бір оталдырған сенің түрің анау» деп күйіп-пісті тағы да бірінші апам. Бұл жолы шыдадым шынымен таусылды.

– Айналайын апалар! Бүгінгі жаңбырды өздеріңіз де көріп отырсыздар. Көшенің бәрі – көлшік. Көлшіктің тереңдігі дөңгелектен асады. Көліктер кезек-кезек жүзіп өтіп жатыр. Оның үстіне, менікі сияқты ескі «темірлер» өкпесіне су тиіп, күркілдеп жөтеліп, көшенің қақ ортасында өшіп қалады. Екі күннен бері құйған нөсердің кесірінен осындай кептеліс болып отырған жоқ па?» дедім қиқылдап-шиқылдап, бір-біріне жол бермей таласқан көліктерден көзімді алмай.

– Әй, балам, ашумен мына апаларың не айтпайды саған? Оған ренжіме! Саған дейін шелектеп құйған жауынның астында қанша тұрдық десеңші?! Әдетте қол көтере қалсаң, бірін-бірі қағып-соғып, жолға таласып, өліп-өшіп алдыңа тоқтай қалатын таксилердің бірі жоқ бүгін. Құдай бізге сені айдап келіпті. Өзің де жүзің жылы бала екенсің. Апаларыңды кешіктірмей, кептелісі аздау көшелермен жеткізіп сал, – деп екінші апам жұмсара қалды. Ұялы телефонымнан қала көшелерін көрсететін «2ГИС» дегенді ашып едім, теміржол вокзалына баратын көшелердің бәрі қып-қызыл болып тұр *(қызыл түс кептелісті білдіреді)*.

– Барлық көше қызарып кетіпті, – дедім, ұялы телефонымды көрсетіп. Олар түсінбеді.

– Қызарғаны несі? – деді екеуі қатар жамырап.

– Қазіргі көшелердің ұяты бар. Кептеліс кезінде осылай қызарып кетеді, – дедім айнадағы екі апамның жүзін бағып. Олар аң-таң. Бір-біріне қарады да қойды. Содан кейін: «қашақ болғандай, ана қыздың да осындай жаңбырда қаша қойғанын қарамайсың ба?» деп бірінші әйел қайтадан күйгелектене бастады.

– Сабыр, сабыр, тәте! Бұйырған дәм болса, үлгеріп қаламыз, – деп екіншісі сабырға шақырды. – Біздің жас күнімізде жаңбыр апталап, айлап жауса да, қала көшелері мұндай су болмаушы еді. Арықтармен сылдырлап ағып жататын. Ал қазір күн бұлттанса қорқатын болдық, – деп екеуара әңгімелесе бастады. Онысы маған ұнады. Қыр желкемде қыдиып отырғаннан жақсы екен.

Сөз біріншісіне тиді:

– Ой, шіркін-ай! Ол кезде Алматы қандай ғажап қала еді! Жаңбыр жауса, балаша қуанушы едік қой. Алманың исі аңқып, жаңбырдың, топырақтың иісі ма, бір ғажап жұпар кеудемізді толтыратын. Қыста қардан, жазда жаңбырдан зәрезеп болған бір пенде көрмеппіз, – деп «эстафетаны» екіншісіне берді. Ол «Біздің бір көршіміздің баласы «төтенше жағдай» дей ме, анау өрт пен судан құтқаратын жерде жұмыс істейтін еді.

(Жалғасы 3-бетте)

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Ирина СМИРНОВА, *Мәжіліс депутаты:*

БАНК БОРЫШКЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫН ЕСКЕРМЕЙДІ

– Ирина Владимировна, жуырда Астанада өткен NurOtanTrends диалог алаңында халықтың көкейкесті мәселесін жеткіздіңіз. Банктер қарыз алушылардың жағдайына түсініспен қарамай отыр деп айттыңыз. Қанша адам елімізде несиесін төлей алмай, банк тарапынан қысым көруде? Нақты саны бар ма?

– Қазіргі қолда бар дерек бойынша елімізде 5 миллионнан аса адам банкке қарыз. Соның 1 миллионнан астамы «проблемалық клиенттер» санатында. Олар еліміздің тең құқылы азаматы болса да, банк тарапынан Конституциялық құқығы бұзылып, көптеген шектеу жасалуда. Тіпті несиесін төлей алмағандардың жүріп-тұруына тыйым салынады. Оларды елден шығармайды. Несиесін төлей алмағандардың жағдайы қазір өте қиын. Оларды ешкім ойлап отырған жоқ. Мәселен, есепшот, карталарының бәріне бұғат қойған. Ай сайынғы жалақысын қарыз берген банк өзіне аударып алады. Амал жоқ, көпшілігі, тіпті жұмысын тастап, отбасыларының шырқы бұзылуда. Себебі жұмыс істегенімен еңбекақы алмаса, бала-шағасын қалай асырайды? Мұнымен мәселе шешілмейді. Керісінше, клиенттерге қарызын төлеуге мүмкіндік жасау жағын қарастыру қажет. Ипотека алғандар да солай. Ол басқа елде емес, Қазақстаннан сатып алды. Осы жерде, осы елде тұрады. Үйді алатын кезде банк бәрін ескеріп, елеп-екшейді. Сол үшін клиенттер сақтандыруға ақша төлейді, келісімшарт жасайды. Бірақ қарыз алушы қиын жағдайға түскенде банк тек қана клиенттен талап етеді. Қазір халықтың көбі екі жақты жасалған келісім құжаттарының орындалмайтынына, тек бір тараптың мүддесін көздейтініне қапаланып отыр.

– Сіздің ойыңызша, банк пен клиент арасындағы қарыз мәселесін қалай шешуге болады? Қандай ұсыныс айтар едіңіз?

– Қазір банкке қарызын қайтара алмай жүргендерге неше түрлі ат қойып, айдар тақкан. Тіпті оларды алаяққа теңейді. Олар алаяқ емес. Барлығы бірдей қарызын төлеуден қашып отырған жоқ. Менің пікірімше, ең алдымен клиенттерден қарызын қайтарғысы келе ме, келмей ме, соны нақтылап алып, тағы келісімшартқа отыру қажет. Көбі төлеуден бас тартпайды. Тек жағдай жасау керек. Мысалы, біреу кәсіп ашуы мүмкін. Бірақ валюта курсы өзгерді, басқа да себептермен ісі алға баспай қалды. Шығынға батты делік. Оған мүмкіндік, уақыт беру қажет. Мысалы, несиенің пайызын төмендетуге болады. Онсыз да банктер 20 пайыздан аса ставкамен береді. Ай сайынғы жалақысынан тұтас ұстап, есепшотына бұғат қоймай, аз-аздан алып отырса да үлкен жеңілдік. Олардың соттасуға да, адвокат жалдауға да жағдайы жоқ. Көп жағдайда сот банктің талабын қанағаттандырады. Қарыз алушыларды жығып береді. Басқа да конструктивті ұсыныстарым бар, оны алдағы уақытта көтеремін.

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан Бейсен НАРЫНБЕК

БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)	DOLLAR	EURO	АЛТЫН (ун.)
79,95	329,16	388,64	1287,60

ШАРУАНЫҢ ҚАМЫ

БЕЛСІЗ БҰҚА, СҰРАУСЫЗ СУБСИДИЯ

Сарыарқаның ақ тоны сыпырылып, көктемнің иісі бұрқ еткен кезде елдегі Есенбайдың сынық мүйіз қара сиыры өзгеше өнер шығарды. Әншейінде бір талын қалдырмай сыпырып-сиырып жейтін, хош иісі бұрқыраған жоңышқаға ырғайдай мойнын бұрып қарағысы жоқ.

(Жалғасы 4-бетте)

AQIQAT

АШАРШЫЛЫҚ АҚТАҢДАҚТАРЫ

1931–1933 жылдардағы ашаршылық қарсаңында қазақ халқының саны қанша еді?

Бұл ашаршылық тарихын зерттеушілер үшін аса маңызды, тіптен басты мәселе деген болар едік. Осы жылдардағы ауыл халқының, оның ішінде қазақтардың санын бұрмалап көрсету тарихи шындықтан адастыратынын кез келген зерттеуші ұмытпауы тиіс.

(Толығырақ 7-бетте)



ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

(Жалғасы 3-бетте)

7 КҮН 168 SAҐAT

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

БИЛІК

МҮДДЕ МЕН ПІКІР ТОҒЫСҚАН АЛАҢ

Жақын арада еңбек күшінің 80 пайызы роботтандырылған жүйемен алмастырылады. Қазіргі кәсіпорындарға жұмыс күшінің арзандығы емес, білікті қызметкердің болуы маңыздырақ. Дамушы елдердегі өндіріс орындары да дамыған елдерге кері қайтарылып жатыр. Мұның барлығы ұлттық экономика мен әлеуметтік жүйе үшін үлкен сын-қатер. Бұл туралы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Global Challenges Summit-2018 форумының жалпы отырысында мәлім етті.

Мемлекет басшысы алқалы жиында шиеленісті жағдайлардың көбейгеніне және қазіргі өркениеттің жаңа жаһандық трансформациясына тоқталып, ғаламдық дамудың басты бес мегатрендін атап өтті. Олардың қатарында адам қызметінің барлық саласын цифрландыру, энергетикалық революция, жер бетіндегі адамзаттың жылдам көбеюі, урбанизация қарқыны мен сипатының және жаһандық еңбек нарығының өзгеруі бар.

Жаһандық еңбек нарығының өзгеруі әлемдік өзгерістерге ықпал еткен бес негізгі үрдістің біріне кіреді. Аталған мәселенің негізгі шешімі – білім беру жүйесін реформалау. Н.Назарбаев «Біз мемлекет қалыптастыру ісінің бастауында «Болашақ» бағдарламасын жүзеге асыруға кірістік. Сол арқылы 13 мың қазақстандық мемлекет есебінен әлемнің үздік университеттерінде оқуға мүмкіндік алды. Сонымен қатар елімізде әлемдік деңгейдегі университеттер ашылды. Олардың қатарында Назарбаев Университеті, Қазақстан-Британ техникалық университеті, Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институты және Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті бар», – деді.

Сондай-ақ қарым-қатынас мәселесінде алпауыт мемлекеттердің негізгі мәселесіне тоқталды. 11-рет ұйымдастырылып отырған форум әлемдік экономиканың инвестициялары мен инновацияларының ең маңызды мәселесін талқылау алаңына айналды. Өткен жылғы форумнан кейін әлемде орасан зор өзгерістер орын алды. Елбасы мемлекеттер арасында келісімге келу қиындап бара жатқанын атап өтті. Бұл әлем үшін өте күрделі кезең. Биылғы форум жаһандық сын-тегеуріндерге тиімді жауап іздеуге бағытталған.

Қазақстан Президенті экономиканың жаңа цифрлық моделінің нәтижесі оның ұлғаюына ғана емес, сондай-ақ 2017 жылы бизнес үшін ең қауіпті деп танылған киберқауіпсіздіктің артуына да байланысты екенін айтты.

Біз де осы жаңа жағдайға бейімделіп келеміз. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын іске асыру арқылы елімізде цифрлық инфрақұрылымның және IT-экожүйесінің дамуы қамтамасыз етіліп, тұрғындардың 85 пайызының цифрлық сауаттылығы артады. Жаңа технологияларды қолдана отырып, 5 жыл ішінде өңдеу секторындағы еңбек өнімділігін 1,5 есе арттыру жоспарланған.

Н.Назарбаев баламалы энергия көздерінің әлемдік экономиканы дамытуға ықпалы жөнінде пікір білдірді. Жаһандық тренд – ол энергетикалық революция. Әлемнің таза энергетикаға қарай жылжуы. Тек 30 жылда жаңаратын энергия көздерінен алынатын қуат көлемі 13 есеге өсіпті. Соңғы 5 жылда күн панельдерінің құны 2 есеге жуық төмендеді. Электромобильдерге деген бетбұрыс байқалуда. Сарапшылардың айтуынша, егер де автопаркті электрокарға ауыстырса, бұл өз кезегінде ауаны 200 жыл бұрынғы деңгейге дейін тазартуға мүмкіндік береді екен.

Еліміз бұл процестен тыс қалып отырған жоқ. Атап айтқанда, «Болашақ энергиясы» тақырыбында өткен «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі елде жасыл экономиканы жүйелі дамытуға мүмкіндік береді. Жалпы жоспарға сәйкес, 2030 жылға қарай біздің энергиялық баланстағы баламалы энергия үлесі 30 пайызға дейін жеткізіледі.

Елбасы жер бетіндегі адамзаттың жылдам көбейіп келе жатқанына тоқталып, базалық ресурстың шектеулі екеніне және ауыз су тапшылығының артуына байланысты азық-түлік өндірісін көбейту қажеттігін айтты. Агроөнеркәсіп кешенінің өнімділігі мен ресурстарды пайдалану тиімділігін айтарлықтай арттыру қажет. Бұл сала енді жоғары технологиялық салалардың біріне айналуға тиіс. Елімізде заманауи жетістіктерді қолдана отырып, 5 жылда агроөнеркәсіп кешенінің өнімділігін 2,5 есе арттыру мақсаты қойылып отыр.

Мемлекет басшысы аталған жаһандық 5 тренд әлемде орын алып жатқан тұрақсыздық жағдайының арта түсуінің негізгі факторы болып саналатынын және G-Global бастамасын ұсынғанын атап өтті. Бұл бастама G-7 және G-20 бастамаларына қарағанда, барлық елдердің пікірі мен мүддесін біріктіруге мүмкіндік беріп, мейлінше теңгерімді шешімдер табудың нақты тетігіне айнала алады. Осы басқосуда орнықты даму, экономикалық теңсіздікті қысқарту, халықаралық сауда-саттықтың, жалған ақпарат таратудың, криптовалютаны қолдану мен оны реттеудің жаңа ережелерін айқындау мәселелері талқыланды. Қазақстан Президенті жаһандық дағдарысқа қарсы шешімдер әзірлеу ісіне бүкіл халықаралық қоғамдастықтың атсалысуы қажет екенін айтып, бұл бастаманы Біріккен Ұлттар Ұйымы аясындағы алаңда жүзеге асыруды ұсынды.

(Өз тілшіміз)

Әлеумет.t⁰

АЛДЫМЕН «ҚАМТУШЫНЫҢ» ӨЗІН ҚОРҒАП АЛАЙЫҚ!

...Бір мысал айтайын. Тәуелсіздік алған тұстарда *(әлі ТМД шекаралары бекітілмеген)* азаматтар мен азаматшалар өз қаржысына Иран асып, Түркия жетіп, Қытай барып, Ресей аралап , тіпті Пәкістан, Үндістан, араб мемлекеттеріне де аяқ тіреп, жас мемлекет сөрелерінде тапшы тауар түрлерін қауіп-қатерге толы азаппен, уәйім жей жүріп, тынымсыз тасыды. Жас мемлекетпен бірге алдағы күндерге деген үміттері артып, олар адал, қажырлы еңбек етті. Осы адамдардың да арқасында тауар тапшылығы сезіле қоймады.

Сол адамдардың ілгерінді істерін жалғастырушылардың саны бүгіндері әлдеқайда көп екен. Оларды өзін-өзі жұмыспен қамтушылар деп атағалы қашан. Бірақ алдыңғы толқын мен кейінгі толқынның арасында әжептәуір айырмашылық бары байқалады. Біріншіден, бүгінгі «қамтушы» қолтығына қабын қыстырып шетел аспайды. Бұл ірі тірлік нән кәсіпкерлерге тиесілі боп қалды. Бүгінгі «қамтушы» тиынын есептеп, ішкі мазасыз оймен деп жүрген жандар. Шынын айтсақ, олар қоғамдық өмірден тысқарырақ қалған топ. Мемлекетте, ауыл-аймақта нендей өзгерістер болып жатыр, ертеңдері не болады? – дейтіндей сауалдарға, алуан түрлі ақпараттарға онша қызықпайды. Ойы, іс-қимылы, әрекеті тек бала асырауға сайғандықтан, әлгіндей нәрселерге оның уақыты да жоқ.

Екіншіден, бұл топ өзін бір күндік, яки екі күндік жұмыспен алданып жүрміз, ертеңіміз не болады деген жан қажыткан сары уәйіммен жүреді. Өміріміздің бейнесіне тура қарасақ, өзін-өзі жұмыспен қамтушыларды мазалайтын бір кілтипан бар. Ол жылжымайтын мүлікті, сауда, қызмет көрсету нүктесін, базардағы алақандай жерді жалға алу мәселесі. Бізде жалға алу бағасы өте-өте қымбат! Бұл баға ешқашан төмендеген емес! Керісінше, ай сайын аспандап барады. Министрлік еңбекті қорғаймын десе, осыны ретке келтіріп алсыншы. Содан кейін біз айтып отырған қамтушылар салықты да төлер, зейнетақы қорына да жарнасын аударар.

Мұнда мен айтқан мәселелерден де бөлек жұмыссыздық әлеуметтік теңсіздік, заңдар мен соны орындаушы орындардың «қамтушыларға» деген көзқарасы мен солқылдақтығы сияқты тағы бірталай түйіндер бар. Соларды реттеу көкейкесті міндет боп тұр.

Өскен ПІСТЕБЕК,
Оңтүстік Қазақстан облысы

Бір анығы

Дәурен АБАЕВ, *ақпарат және коммуникациялар министрі:*

«Зорлық көрген немесе басқа да құқықбұзушылықтан зардап шеккен балаларды қорғау мақсатында олардың бет-әлпеті мен балаға қатысты ақпараттарды жариялауға тыйым салынды. Қандай да бір төтенше жағдай орын алса, өкілетті мекеме үш сағат ішінде бұл туралы жан-жақты ақпарат беретіні жөнінде хабарлама жариялауы қажет. Балаларды интернеттегі деструктивті ақпараттардан қорғау үшін өткен жылы министрлік байланыс операторлары және «Болашақ» қауымдастығымен бірлесіп, білім беру интернет-жобасын іске қосты.

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

9
млн теңге. Жезқазғанда 150 мың теңге пара алған подполковникке айыппұл салынды

2
млн теңге. Қарағандылық жігіт қалындығына осынша несие алдырып, қашып кеткен

200
Павлодарда осынша үйді су басып қалды

490
мың. Алматыда заңсыз жасалған бөтелке ішімдік тәркіленді

7 сөз

«Қара алтынның» құны барреліне 80 доллардан асты

Ал, әйтпесе!

Елжан БІРТАНОВ, *денсаулық сақтау министрі:*

«Кеторол» дәрісінің ең арзаны 230 теңге *(«Антарис KZ», Астана) болса, ең қымбаты – 500 теңге («Планета фарм», Астана).* Айырмашылығы – 100 пайыз. Көтерме саудада дәрі бағасы 7-50 пайыз аралығында өседі. Қымбат дәріге көп қоспайды. Ал бөлшек саудада арзан дәрілердің құны 30-300 пайызға дейін көтеріледі. Негізі дәрінің бағасы сұраныс артқан сайын қымбаттай береді. Алдағы уақытта мобильді қосымша іске қосылады. Отандастарымыз соның көмегімен дәріхананың бағаны заңсыз көтеріп отырғанын әшкерелей алады.

Мәссаған!

ЗЕЙНЕТКЕРДЕН КЕЛГЕН ЗИЯН – 4 МЛН

Ресей азаматы елімізде 13 жыл бойы заңсыз зейнетақы алған. Павлодар облысы Қашыр аудандық соты хабарлағандай, осыған дейін ол 4 млн теңгеге жуық ақшаны қалтаға басқан. Енді оған қатысты қылмыстық іс қозғалды.

Ш. есімді азамат 2004 жылдың 9 қаңтарынан бастап бүгінге дейін Ресейдің зейнетақы қорының бөлімшесінде есепте тұрған. Ол Новосібір облысы бойынша зейнетке шыққандардың тізімінде бар екен. Сонымен бірге әлгі азамат елімізде зейнетақы алу мақсатында 2005 жылдың 25 қаңтарында Павлодар облысы бойынша әлеуметтік төлем орталығына қарасты департамент Қашыр аудандық бөлімшесіне жүгінеді. Алайда ол Қазақстан азаматы емес екенін әр Ресейдің зейнетақы қорында тіркеулі тұрғанын жасырған. Айласы іске асып, осы уақытқа дейін біздің елден де карттыққа төленетін өтемақы алып келіпті. Сөйтіп, ол мемлекетке 3 млн 988 мың теңге шығын келтірді.

Сот оның жасын ескере отырып, үш жылға шартты түрде бас бостандығынан айыру жазасына кесті.

QOǴAM
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Ойталқы

ЕРТАЕВТЫҢ «ЕРТЕГІСІ»

Қалтасына қаншама ақшаны басып, шетел асып қашқанда «Мен көк тиын алған жоқпын. Маған қысым көрсетті» деп мүләйімсіп сайрайтындар көп. Айласын асырып, қалтасын толтырып болған соң оларға Қазақстан азаматтығы да керек болмай қалады. «Бас тартамын» деп доқ көрсетеді. Бірақ кімге, не үшін? Түсініксіз!

Еліміздің ішкі істер министрлігінің сұратуы бойынша атышулы банкир Жомарт Ертаев Мәскеуде ұсталды. Ол аса ірі көлемдегі алаяқтық ісі бойынша халықаралық іздеуде болған. Министрлік таратқан хабарламада, «Ертаев «Bank RBK» АҚ директорлар кеңесі төрағасының кеңесшісі болған уақытта жалған ЖШС арқылы 80 миллион доллардан астам сомада банктен борыш алуға мүмкіндік жасаған. Сондай-ақ бұл қаражатты қайтармау үшін түрлі іс-әрекетке барған», – деп жазылған.

Қазір үйқамақта отыр. Ресми деректерге сенсек, сабазымыз банктен алған заңсыз ақшасын мойындамай жатқан көрінеді. Бар кінәні қазақтың ұлтшыл патриоттарына артып отыр. Оның айтуынша, тіпті қоқан-лоққы көріп жатыр екен. Аяқ астынан жәбірленуші бола қалған банкирдің әрекетіне қатысты саясаттанушылар – Әзімбай Ғали мен Дәурен Бабамұратов және сарапшы Денис Кривошеевтің пікірін сұрап білдік.

Әзімбай ҒАЛИ:

ОЛ ТЕРІСКЕЙДЕГІ КӨРШІНІҢ СОЙЫЛЫН СОҒАДЫ

– Біз тергеуші, прокурор, сот емеспіз. Сол себептен Жомарт Ертаевтың қылмысына, алаяқтығына әзірге баға бермей-ақ қояйық! Елдегі кейбір азаматтардың банк ақшасын шетел асырып, қашып жатқаны бірінші рет емес. Ертаев Ресейде жатып «Мені құдалайды, ұлттық-патриоттық күштер қайта-қайта қоқан-лоққы көрсетеді» деп өзінше саяси тұжырым жасауда. Сондай-ақ ол «Қазақстан телекеңістігі Ресейдің қолында. Бірақ алдағы уақытта сол ұлтшылдар ресейлік өнімдерді ысырып шығаруға мүдделі» деп теріскейдегі көршіге жаны ашып отыр. Осылайша, өзін Ресей патриоты ретінде көрсеткісі келеді. Мүмкін, солай да шығар. Өйткені бізде ондай азаматтар баршылық. Ащы болса да, бұл шындықты мойындауымыз керек. Сол ресейшілдерге төтеп, қарсылық білдіретіндер – ұлттық патриоттар. Ұлтжанды азаматтарымыз. Ертаевтың басына бұлт үйірілгеніне біраз уақыт болып қалыпты. Қазір Ресейден пана табудың амалын жасап жүрсе керек. Сол себептен соның сойылын соғып, солардың мүддесін қорғап жүрген адамға ұқсайды.

Дәурен БАБАМҰРАТОВ:

ОНЫҢ ПИҒЫЛЫ ДҰРЫС ЕМЕС

– Ж.Ертаевтың сандырағы менің көңіліме үлкен үміт ұялатады. Ол кісіге әлдекімдердің шынымен ауызша-жазбаша қоқан-лоққы көрсеткен болуы мүмкін. Бірақ олар қоғамдағы емес, мемлекеттік қызметтің ортасында жүрген ұлт патриоттары болуы керек. Ондай болса, бұл жақсы хабар. Ең құрығанда алдағы уақытта ақшаға тоймайтын арамза алаяқтардың ісі әшкереленіп, олардың көбі заң алдында жауап береді деген үміт бар. Ол дегеніміз – белгілі бір ортада «батысшыл-ресейшіл-қытайшыл» емес, ұлт-патриоттық көзқарастағы азаматтардың үні шыға бастады дегенді білдіреді.

Ертаев ісінің ақ-қарасын сот анықтайды. Бірақ оның қазақтың ақпараттық кеңістігі туралы ойы ұлт пен елге деген шынайы пиғылын көрсетеді. Сондай-ақ бұрынғы банкирдің мұндай пиғылын патриоттық та, қазақылық та дей алмаймыз.

Ал осындай кісілер ұзақ жылдар бойы еліміздің қаржы кеңістігін еркін кезіп, ойына келгенін істеп жүр. Соның салдарынан ұлттық экономиканың басты артериясы саналатын банк саласына ел тарапынан дұрыс көзқарас қалыптаспайды.

Денис КРИВОШЕЕВ:

НАҒЫЗ ИНТРИГАН

Жомарт Ертаев – банк саласындағы барып тұрған интриган. Соңғы мәлімдемесі – үлкен саяси қадам. Әйтсе де, соны өзі жоққа шығарғысы келеді. Шын мәнінде, бұл дөрекі де қарабайыр бопсалаудан басқа ештеңе емес. Қазір ол «мені жайыма қалдырмасандар, бүкіл құпияны ашамын» деп байбалам салып жатыр. Қарап отырсақ, асарын асап, қалтасын қампайтып шетел асқанның бәрінің айтатыны сол. Ертаевтың банк саласындағы қитұрқы әрекеті көп. Артын жабатындар да әрдайым табылып жатады. Қандай қиын жағдайға түссе де, оп-оңай құтылады. Мәселен, «Альянс банктегі» жымысқы әрекеті үшін жеңіл жазамен шектелді. «Еуразиялық банкте» бір жылдан астам басшылық қызметте болды. Банк саласындағы соңғы «аялдамасы» – RBK банкі. Осы қаржы институтына қатысы бардың бәрі қиын жағдайға тап болды. Мәскеуге тайып тұрған Жомарт қана оңай құтылған сияқты.



Ертаев банкте ресми түрде жұмыс істей алмайды. Сондықтан оған кеңесші қызметі бұйырды. Бұл қызметін ол өте сәтті орындады. Оның маркетолог ретінде мықты маман екенін мойындауымыз керек. RBK банкінің имиджін қалыптастырды. Қабырғасында емен тақтайша, басты белгісінде екі арыстан айшықталып тұр. Келіссөздерге арнайы орын белгіленген. Жалпы жұртты тарту үшін түрлі іс-шара ұйымдастырды. Ешкімде жоқ депозит пайызын көрсетті. Жұрт ақшасын дорбалап өздері апарды. Ертаевтың медиа кеңістігінде тым танымал екендігі, қаржы нарығын реттеушіге үнемі қарсы шығуы банк акционерінің жынына тиді. Ертаев та өзін банкте көп ұстамайтынын білді. Әйтсе де, мұнда қалудың жолы әрдайым табыла кететін. Банктің әл-ауқаты жақсарған сайын қосымша құнды қағаз шығаруға болады. Ертаев өз адамдарына сол акцияларды алып беруге күш салды. Оның арты үлкен дауға ұласты. Фарид Люхудзяев банкті басқару құқығынан айырылып қалды. Біраз уақыттан кейін ол көз жұмды.

«Ғажап адам» Жомарт Ертаев! Банкті басқарып тұрғанда ақшаны аямай шетел асырып, Мәскеуде бизнесін дамытқаны анықталса да сүттен ақ, судан таза болғысы келеді. Айта кету керек, бұл жағынан оның тәп-тәуір тәжірибесі бар. «Альянс банкте» басы шатылғанда біраз уақыт темір торға қамалды. Алайда еш дәлел таппады ма, әйтеуір, босата салды.

Бәлкім, М.Әбіләзовпен жұмыс істеген кезде содан үйренген болар. Себебі Мұхтар да өзін «саясаттың құрбаны» санайды. Жомарт та айнытпай қайталап отыр.

Оның айтуынша, өзіне қарсы қозғалған қылмыстық істің саяси астары бар. Оған қоқан-лоққы жасап жүр екен. Бірақ Ертаев өзіне қоқан-лоққы жасап жүрген кімдер екенін нақтылаған жоқ. Есесіне, ол белгілі бір топтың Ресейді Қазақстанның телекоммуникация нарығынан әдейі шығарғалы жатқанын мәлімдеді. Ертаевтың сөзіне сенсек, өзіне қарсы қозғалған қылмыстық істе қаржы мүддесі емес, саяси мәселе басым. «Егер біз ТНТ-ны жоғалтып алсақ, онда қазақстандықтардың келесі буыны түрік сериалдары арқылы тәрбие алады» деп күлкіні келтіреді. Алайда бұл мәселе бұрын шешіліп қойған. ТНТ кабельдік желі арқылы таратылады.

Сондай-ақ Ж.Ертаев RBK банкінің штатында тіркелмегенін, жалақы алмағанын, директорлар кеңесінің мүшесі болмағанын айтады. Сөйте тұра, банктің құнды қағаздарын жекешелендіру үшін әрекет жасағаны, әйелінің директорлар кеңесінің мүшесі болғаны жайында ләм-мим демейді. Бар кінәні «Ордабасы Комьюникейшенс» компаниясына жабады. Жомарт Ертаев 80 миллион доллар соның жеке есепшотына аударылғанын айтады. Енді сол қаржыны жабу үшін Ертаевты кінәлі етіп көрсетіптімыс. Осылайша заң алдында өзін «тазамын» деп санайтын банкир «саяси құрбанға» айналып шыға келген.

Бұл оқиғаның шикі тұсы көп. Тағы бір қашқынның тергеуге алынғанынан саяси астар іздеп отырғаны жақсы тенденция емес. Ертаев бүгінде Мәскеуден пана іздейді. Ол жақтың заңын да бес саусағындай біліп алған. Дегенмен оны үйқамаққа жібергені алаңдатады.

Дайындаған Елдос ӨМІРЗАҚ

Көкейкесті

(Басы 1-бетте)



ЖАҢБЫР ЖАУСА ҚУАНБАЙДЫ

Сол айтады «Алматы үшін ең ауыр апаттың бірі – жаздағы жауын-шашын. Өйткені, арық-тоғандардың бәрі толып қалған. Бұрынғы бар арналарды жол салғандар бітеп кетеді. Оны сұрап жатқан ешкім жоқ. Бұрын Алматының басынан аққан су қаланың шетіне жердің астымен ағып кететін. Қазір оның бірі жоқ. Төле би мен Райымбек даңғылының бойындағы су ағарлардың біразының көзі жабылып қалғандықтан, жаңбыр жауса, көше көлшікке айналады».

– Сол баланың сөзінің жаны бар, – деп жасы үлкен апам әңгімені бұзды. – Кеше кешке теледидардан жаңалық қарап отырғам, жаңағы сен айтқан төтеншенің кісілері «Райымбек пен Яссауи *(көшелерінің қиылысында)*, Тастақ базарының маңында және бірнеше жер өткелдерінде жаңбыр суы көлшіп қалды. Бірнеше аулаға, үйге қызыл су кірді. Екі күнде пәленше жаңбыр жауды. Пәленше арық тазаланды, түгенше тоғанның көзі тесілді. Оған адамдардың өзі кінәлі» деп сөйлеп жатқан. Бәсе, алпыс жыл Алматыда тұрып келе жатырмын. Көлшіген су көрмеуші едік. Мұның бәрі қолдан жасалған апат екен ғой, – деп апам сөзін түйгендей болды.

Мен де межелі жерге жетіп қалғам. Алдымыздағы жерасты өткелінде бірнеше көлік қара суға тұншығып тұр екен. Жүктей Jeep-тің өзі бауырын суға салып әрең жүзеді. «Нар тәуекел» деп мен де қойып кеттім. «Кемедегінің жаны бір» дегендей, көлік ішіндегі үшеуіміздің де тілеуіміз бір: «көлшікке көміліп қалмасақ екен» деп тақымымызды қысып отырмыз. Темірдің аты темір ғой, шіркін! Бір-екі рет бұрқ-бұрқ етті де арғы жағаға қайықша қалқып шыға келді. Апаларым да мәз, мен де мәз! Пойыздан кешікпедік. Бірақ Алатаудың басындағы түйдек-түйдек қара бұлт Алматыға қарай аударылып-төңкеріліп келе жатты.

Жарас КЕМЕЛЖАН

Қылбұрау

ОЛАРҒА ОТАН ЕМЕС, АҚША – БАЙЛЫҚ

Қазақтың нанын жеп, шетелге қарап «мөңірейтіндер» көбейіп барады. Олардың тыққан-жымқырған жалпы шығыны 1,1 триллион теңгеден асқан. Бұл туралы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаев хабарлады.

Оның айтуынша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы 82 лауазымды тұлғаны іздестіріп жатыр. Олардың үштен екісі шетелге қашып кеткен. Әлгі пысықайлар қызметтік өкілеттігін асыра пайдаланып, пара алғаны үшін, қылмыстық топ ұйымдастырып, қаржы жымқырғаны үшін іздестіріліп жатыр. 2017 жылы бюджет ақшасын жымқырған осындай 38 азамат ұсталған. Оның 12-сі шетелде құрықталыпты.

Қызықстан қызықтары

БІР АЙДА 49 КҮН?!

Көкшеліктердің күнтізбесі бөлек. Оларда бір айда 30-31 күн емес, 49-51 күн бар. Көкшетау қаласының тұрғындары сәуірдегі жылу үшін келген түбіртекті көргенде аң-таң болыпты. Жылумен қамтамасыз ететін компания сәуір айында 49 күнге төлем есептеген.

Қала тұрғындары мұны әлеуметтік желіге жарыса жазды. «Бір айда 30 күн барын ескерсек, келген түбіртекте 35 күн деп көрсетілген. Ал жылуға төленетін тарифтің айтарлықтай қымбаттағанын байқадым» деп жазды біреуі. Ал Ләйла Төрежанова есімді тұрғын «Менде де 49 күн деп жазылып тұр. Олармен дауласудан шаршадым. Дәлелдей бастап едім, қазан айы толық есепке алынбаған. Айдың басынан емес, 15-күнінен бастап есептеген деп түсіндірді» дейді. «Көкшетау-жылу» компаниясы директорының орынбасары Гүлнаш Андрееваның айтуынша, әр ай сайын жылу есептеуіш құрылғысынан көрсеткіш әр түрлі күні алынады. Нәтижесінде, түбіртектегі көрсеткіш 35-40 күнді көрсетеді деп түсіндірген. Сәуір айы үшін жылу көрсеткіші 13 наурыздан бастап, 30 сәуірге дейін есептелді. Сонда 49 күн болып тұр.

Ескерту

«Құдықтан қақпақ кетсе де, ұрыдан ұят кетпейді». Белгілі мәтелді бүгінге ыңғайласаң осылай болып шығады. Алматы полициясы кәріз құдықтарының шойын қақпағын ұрлаған ұрыларды бұдан былай заңмен жазаламақ. Тіпті сол ұрлықтың куәсі болған азаматтарға сыйақы да береді. Бұл туралы қалалық ІІД баспасөз қызметі хабарлады. Жыл басынан бері 35 шойын қақпақ ұрланыпты. Оның 18-і ізі суымай табылған.

ШОЙЫН ҚАҚПАҚ – ТЕМІР КІСЕН



Алматы қалалық ІІД ресми өкілі Салтанат Әзірбектің айтуынша, кәріз жүйесінің шойын қақпағы коммуналдық меншікке жатады. Оны ұрлаған адам Қылмыстық Кодекстің 188-бабы бойынша жазаланады. Сонымен қатар ашық шұңқырға түсіп кету, жол апаты сияқты келеңсіз жағдайлар болуы әбден мүмкін. Ұрланған затты сатумен айналысатындарға да қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Заң бойынша, олар ұрланған құдық қақпағын қабылдамауы керек.

4 ЖҚ NARYQ
E-mail: jas_qazaq@mail.ru www.jasqazaq.kz

Шаруаның қамы

БЕЛСІЗ БҰҚА, СҰРАУСЫЗ СУБСИДИЯ

(Басы 1-бетте)

Тілін тістеп, көзін алартып, аузынан сілекейі ағып, аусыл болғандай мөлиіп тұрғаны. Ара-арасында шаңырақтай мүйізімен қораның қабырғасын сүзеді-ай келіп. Бетіне қарап отырған екі сиырының бірдей есі кеткен соң Есенбайда не ес қалсын?..

Жеңінің ішіне жартылықтың мойнын сорайтып тығып алып, көрші ауылдағы жүзі таныс мал дәрігеріне барған. Дәрігер сынық мүйіз қара сиырды олай қарады, былай қарады, ағзасынан қылдай кінәрат тапқан жоқ. Есесіне, Есенбайдың келіншегіне қарап жымиып күлген. Күлкісінде біршама жұмбақ жасырынып тұрғандай. Есенбай сегізкөзінен ауырып, белін баса алмай жарты жыл қиналып жүргенде қарға аунаған түлкідей құлпырып, қыз кейпін қайта тапқан келіншек те жұмсақ жымиып қойды. Оның да көзқарасы дәрігердің дәрменсіз жымиысына тым ұқсас. Мал қараған дәрігер сынық мүйіз қара сиырдың ауруының себебін ашық айтқан жоқ. Тұспалдап жеткізді. Сөйтсе, көктем мал екеш малға да маза бермейді екен ғой. Ұлы сөзде ұяттық жоқ, жаратылыстың заңы.

Жалғыз Есенбайдың сиыры ғана емес, Зеренді ауданының алты ауылының сиыры қазір жанын қоярға жер таппай, шаңырақ мүйіздерімен қораның қабырғасын сүзіп, күл төккен күресінді аударып-төңкеріп аласұрып жүр. Ауыздары, сауырлары ақ көбік.

Жергілікті кәсіпкер Марат Молдахметов жергілікті мал тұқымын асылдандыру үшін әр басын 360 мың теңгеден 16 асыл тұқымды ангус бұқасын сатып алған. Бір қарағанда, жаясына екі кісі еркін жатып демалуға болатын көшелі, алқымы қос құлаш бұқалар еді. Көрген кісінің көзі тоятын. Әлгі бұқалардың суреттегідей жұтынып тұрғанын көрген сиыр біткен өзінен-өзі желіндеп кететіндей.

Биыл Марат мырза қаншама сиырдың обалына қалды. Сиырдың ғана емес, субсидияның да.

Зеренді аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Батырбек Дүйсенбаев «2 миллион 400 мың теңге субсидия алған. Келісімшарт бойынша екі маусым бұқалар табынға қосылуы керек еді. Бірақ шартта бұқаның санына таңба басқандай ап-айқын тұрған келісімді орындамады», – дейді.

Бұқаны сатып алуға төленген қаржының қақ жартысы мемлекет тарапынан өтеліпті. Әйтсе де, жергілікті тұқым бұрын-соңды «құда-құдағи» болып араласып көрмеген, мұхит асып келген асыл тұқымды менсінбей мұрнын шүйірді ме, кім білсін? Әйтеуір, бұл істен береке шықпаған көрінеді. Кәсіпкердің айтуына қарағанда, бұқаның бәрі белсіз. Мұндай сұмдықты кім көрген?! Тым құрыса, он алты бұқаның біреуі сиырлардың сауабын алса ғой. Жоқ, түгел іске жарамайды екен. Мал дәрігерлері де мұндай оқиғалардың орын алуы әбден мүмкін деген пайымнан аспай отыр. Бұл арада айта кететін тағы бір жәйт, асыл тұқымды бұқалардың жарамсыз екенін әуелі арнаулы комиссия анықтауы керек еді. Осы арада бір шикілік бар тәрізді. Әйтпесе, табақтай дипломы бар мал мамандары анықтай алмаған нәрсені

Есенбайдың сынық мүйіз қара сиыры анықтап отыр.

Зеренді аудандық мал дәрігерлік бөлімінің басшысы Жайнар Төлегенов «Егер бұқаның ағзасында ақау болса, оған не амал істерсін?» деп алақанын жаяды.

Кәсіпкер қауқиғанмен, қауқары жоқ қайран бұқалардан бірден құтылуды жөн деп тапқан. Сөйтіп барлығын мұрнынан тізіп сатып жіберіпті. Сиырдың да, мал иелерінің де үміті шорт үзілген. Сатқаннан түскен ақшаға сүт салқындататын аппарат сатып алыпты.

Ентігін бас алмаған Есенбай «Сиырымыз уақытында бұзауламаса, ол аппаратына қай сүтті құйып салқындатады екен?!» деп аң-таң.

Шынында да, алты ауылдың сиыры қысыр қалса, ешкінің сүтін жинамаса, енді кімнің сүтін жинайды?

Кәсіпкердің өзі тегін адам емес, білдей бір аудандық мәслихаттың депутаты. Бұқа мәселесіне орай, буырқанып тұрған жайға былайша түсінік береді:

– Шынтуайтында, бұқа тақырыбы оншалықты маңызды емес, маңыздысы халық қалаулысы аудандағы шенеуніктің біреуінің жемқорлыққа шатылғанын анықтаған. Сол жөнінде депутаттық сауал жолдап едім. Содан соң соңыма түсіп алды, – дейді.

Шенеунік пен депутаттың арасындағы дауда алты ауылдағы мал сүмесімен күн көріп отырған ағайынның түк те шаруасы жоқ. Оларға керегі малының уақытында төлдегені. Қысыр қалған сиырдан көк тиын пайда жоқ. Пайданы айтасыз, машақатының өзі шаш-етектен. Соңынан төл ермеген, емшегінің үрпінен сыздықтап сүт шықпаған сынық мүйіз қара сиырды екі қыс тегіннен-тегін асырап шықсаң, ар жағында малдың бетін көргің келмей кетер. Әзірге осы алты ауылдың тұрғындары мал тұқымын асылдандырамын деп, үкіметтен қыруар қаржы алып, оның үстіне айдалада жатқан майқұйрықтай субсидияға қарқ болған кәсіпкерге өкпесі қара қазандай.

Халық қалаулысы өзіне сенім артып дауыс берген жергілікті тұрғындарға, оның бағып отырған малына жаны ашымаса, өзгеден не қайыр?!. Қайыр болмаған соң, үміт те қысыр.

Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола облысы

Жанармай

ТАПШЫЛЫҚ ЖОҚ, БАҒА ТҰРАҚТЫ

Терістік көршіміздің мұнай өнімдері нарығындағы жағдай сәуір айында тәуір болмады. Мұндағы бензин бағасы әлі де қымбаттап жатыр. Ең өтімді АИ 92-нің бір литрі 40 рубльге, АИ 95 43 рубльге жетті. Оған акциз бағасының көтерілуі әсер еткенге ұқсайды. Еске түсірсек, өткен жылы дизель отыны мен бензиннің акцизін литріне 1 рубльге көтеру туралы шешім қабылданған болатын. Оның өзі екі бөлініп, яғни 1 қаңтарда 50 тиын, 1 шілдеде тағы 50 тиын қосылады деп белгіленген.

Сарапшылар мұның бағаға әсер ететінін сол кезде-ақ ескерткен-тұғын. Әйтсе де, қымбаттады екен деп бензиннен бас тартатын тұтынушы жоқ. Іштей сыбап алып, амалсыз сатып алады.

Ресейдің жанармай нарығындағы ахуал біздікіне ұқсас. Көктем келсе, қаладағы көлік жүргізушілер мен ауылдағы шаруа бір тыпырлап қалатын. Жұртты зар қақтырып, ақырында бағаны көтеріп тынатын *(шүкір, биыл ондай дағдарыс болған жоқ)*. Ресейдегі федералдық монополияға қарсы қызметтің басшысы Игорь Артемьев өздеріндегі бағаның өсуіне «әдеттегі, яғни көктемгі егіс кезінде қайталанатын құбылыс» деп баға беріпті. Соған орай «ТАИФ», «Фортинвест» және «Сургутнефтьгаз» компанияларына ел ішінде бензин және дизель отынын сату нормасын бұлжытпай сақтау жөнінде ескерту жасалды. Бұл компаниялар ішкі нарыққа жіберілетін көлемді азайтып, экспортқа басымдық беруді жөн көреді. Өйткені Ресейдегі бензин бағасы Еуропамен салыстырғанда арзан. Мәселен, Германияда АИ 95-тің бір литрі рубльге шаққанда – 93, Эстонияда – 85 рубль. Сондықтан әлгі компаниялар өнімін сыртқа сатып, көбірек пайда тапқысы келеді. Оның үстіне олардың Еуропада өткізу желісі де бар.

Қыста Ресей президенті Владимир Путин бензин бағасының шарықтауын «Қазір мұнай бағасы барреліне 70 долларға таяп қалды. Бірақ оның қатысы жоқ, мәселе акцизде. Үкімет акцизді көтереді, одан түсетін табыс жол құрылысы мен оны жөндеуге жұмсалады» деп түсіндірді.

Артемьевтің айтуынша, «еркін акциз жүйесін» енгізу арқылы тығырықтан шығуға болады. «Егер де мұнайдың бір беррелі 90 долларға жетсе, акциз де сәйкесінше, жылына екі рет төмендеуі тиіс. Соның есебінен ішкі нарықтағы баға тұрақталады» дейді ол.

Сарапшылардың пікірінше, бензин бағасының көтерілуі мемлекет саясатымен тікелей байланысты. Өйткені 2014 жылы рубль күрт құнсызданғанда бензин бағасы мұншама өспеп еді. Енді «елде экономикалық ахуал жақсарды» деген мәлімдеме жасалғаннан кейін, отын да қымбаттай бастады. Оған қатысты болжам да көңіл көншітерлік емес. Бензиннің ақырғы бағасына салықтан басқа доллар бағамы, инфляция және мұнай бағасының әсер ететінін ескерсек, алдағы уақытта Ресейдегі жанар-жағармайдың бағасы арзандамайды. Қазір әлемдік нарықтағы «қара алтынның» бір беррелі 70 доллардан асты. Алдағы уақытта 80, тіпті 100 долларға жетеді деген болжам бар.

Көршіге қарағанда биыл біздегі жағдай тұрақты. Күні кеше есеп берген энергетика министрі Қанат Бозымбаевтың «Ішкі нарықты қамтамасыз етуге қажетті жанар-жағармай көлемі жеткілікті, 338 мың тонна бензин, 280 мың тонна дизель отыны бар» деген сөзі көңілге демеу. Әрі еліміздегі үш мұнай өңдеу зауытының модернизациясы *(Шымкент МӨЗ-ден басқасы)* аяқталғалы автокөлік иелері бұрынғыдай мазасызданбайтын болды.

Энергетика министрі жария еткен көрсеткіштерге көз жүгіртсек, жыл басынан бері мұнай және конденсат өндіру көлемі былтырғы жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 6 пайызға өскен көрінеді. Ірі үш жоба бойынша мұнай өндірісі 17,9 тонна болса, оның ішінде Теңізде – 9,9 млн тонна, Қарашығанақта – 4,2 млн тонна, ал Қашағанда 3,98 млн тоннаға жеткен.

Мұнай экспортының көлемі – 24,1 млн тонна, ал мұнай өңдеу көлемі– 5,1 млн тонна. Үш МӨЗ-де 3,6 млн тонна мұнай өнімдері өндірілген. Бұл да былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 7 пайыз артық. Сондай-ақ жанармай бағасы да әзірге тұрақты. Қыста 4-5 теңгеге бір көтеріліп, қайтадан қалпына келді. Соған қарағанда, энергетика министрі Қанат Бозымбаев үш МӨЗ-ді де, жанармай нарығын қатаң қадағалап отырған сияқты.

Дегенмен қазір болмаса да, екі-үш жылдан кейін жанармай нарығында қайтадан тапшылық орын алуы мүмкін. Зерттеуге сенсек, жаңғыртылған үш МӨЗ-дың қуаты ішкі нарықтағы сұранысты таяу жылдары ғана қамтуға жетеді. 2021 жылдан кейін автокөлік бензині, 2023 жылдан кейін дизель отыны, ал 2026 жылдан кейін әуе керосині тапшылығы орын алады деген болжам бар. Бұған жеткізбеу үшін елімізде 2022 жылға қарай төртінші мұнай өңдеу зауыты салынатынын энергетика министрі былтыр айтқан.

Гүлнар АХМЕТОВА

Күрес

«СЫБЫРЛАҒАНДАР» СЫЙАҚЫ АЛАДЫ

Жыл басынан бері Шығыс Қазақстан облысында жемқорлық фактілері жайында дерек жеткізгендерге 456,9 мың теңге сыйақы төленіпті. Бұл туралы арнайы брифингте Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының облыстық департаменті басшысы Сергей Потанин хабарлады.

Оның айтуынша, сыбайлас жемқорлықпен күрес қызметіне жұрттың сенімі артқан. «Тұрғындардан жемқорлық фактілері туралы хабарлама, арыз-шағым жиі түсе бастады. Бұл біздің қызметке деген сенімнің артқанын білдірсе керек. Үстіміздегі жылдың алғашқы үш айында арнайы комиссия құнды ақпарат берген алты адамды материалдық тұрғыдан ынталандыру мәселесін талқылады. Сөйтіп, оларға 456,9 мың теңге сыйақы төленді», – дейді департамент басшысы.

Жыл басынан бері Шығыс Қазақстан бойынша 54 жемқорлық қылмысы тіркелді. Соның ішінде пара алу бойынша 32, қылмыс бөтеннің мүлкіне қол салу бойынша10, алаяқтық бойынша 6 қылмыстық іс қозғалған. Соның бәріне қатысы бар 38 адам жауапқа тартылған.

Қаржы

Жуырда «Астана банкі» акционерлерінің жылдық отырысында былтырғы таза табысты бөлу мәселесі және дивиденд мөлшері талқыға түсті. Ақылдаса келе, акционер мырзалар 2017 жылғы 1,3 млрд теңге таза табысты өзара бөліспей, банкті капиталдандыруға жұмсау жөнінде шешім қабылдапты.

АКЦИОНЕР ТАБЫСТАН БАС ТАРТТЫ

Бұған 18 сәуірде Ұлттық банк қызметін қорытындылау жиынында Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың тақырға отырған үш банкке қатысты айтылған сөзі түрткі болғандай. Сол кезде ол «Егер әрмен қарай жұмыс істегісі келсе, банк акционерлері өздері алып шыққан қаржыны қайтарсын» деген еді.

ЕЛ ЖҚ 5
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Орайы келген әңгіме

KADEX-2018: ЖАҢА ФОРМАТТА ӨТЕДІ

Еліміздің қорғаныс саласының әлеуетін көрсететін дәстүрлі KADEX халықаралық көрмесінің форматы өзгерді. Жылда қорғаныс министрлігі өткізетін шараны биыл қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі ұйымдастырады. Еліміздің қорғаныс және ғарыш саласындағы жетістігімізді паш ететін елеулі оқиға қарсаңында ҚР ҚАӘМ Аэроғарыш комитетіне қарасты «Қазақстан Ғарыш сапары» ҰК» АҚ президенті Ерғазы Нұрғалиевпен сұхбат құрған едік.

– Ерғазы Мейірғалиұлы, бүгінгі таңда ғарыш саласы тек Қазақстан үшін емес, жалпы әлем үшін стратегиялық маңызы бар сала. Барлық мемлекеттер бұған ерекше көңіл бөлуде. Елімізде де қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі құрылды, оның сыртында қаншама кәсіпорын жұмыс істеп жатыр. Ең алдымен өзіңіз басқаратын «Қазақстан Ғарыш сапарының» басты мақсат-міндеттерін айтып өтсеңіз?

– «Қазақстан Ғарыш сапары» компаниясының басты мақсаттарын мен ықшамдап айтып өтейін. Ең алдымен, Қазақстан аумағында ғаламдық навигациялық спутниктік жүйенің ақпаратын, өнімін тұтынушылардың кепілді түрде алуына мүмкіндік жасауды көздейді. Бұдан соң экономика, қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік салалары бойынша Жерді қашықтықтан зондтау жүйесінің деректерін қолдануға жағдай жасау. Яғни өз еңбегімізді, өз өнімімізді қолданамыз. Ешқандай мемлекетке жалынбаймыз. Бұл туралы әңгіме барысында тағы да толықтырып айтармын. Сонымен қатар компанияның негізгі қызметтерінің бірі – озық ғарыштық технологияларды енгізуге мүмкіндік туғызып, ғарыш саласындағы маңызды жобаларды іске асыру үшін корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін қамтамасыз етуге жауап береді.

– «Қазақстан Ғарыш сапары» компаниясы Жерді қашықтықтан зондтау жүйесінің ұлттық операторы екенін білеміз. Бұл жобаның игілігін тек Қазақстан емес, көрші елдерде көре бастады. Жалпы, бұрын Жерді қашықтықтан зондтау деген ұғымды көп естімейтінбіз. Бұл жобаның артықшылығы неде?

– «Қазақстан Ғарыш сапары» ұлттық компаниясы 2015 жылдың 26 маусымынан бастап Жерді қашықтықтан зондтау ғарыш жүйесі қызметін іске асыра бастады. Осы уақыт аралығында ауыл шаруашылығы, ішкі істер, төтенше жағдай, экология, геодезия, картография, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік салалары бойынша бірқатар жұмысты жеңілдетіп, қашықтықтан зондтау бойынша тәуелсіз және жылдам ақпарат алуға мүмкіндік берді.

KazEOSat-1, KazEOSat-2 оптикалық-электрондық ғарыш аппараттары жерді қашықтықтан бақылауға мүмкіндік береді. Олар француздық концерн Airbus Defence and Space тапсырмасы бойынша британдық компанияның бірлесуімен жасап шығарылды. Олардың техникалық сипаттамасы әлемдік деңгейде деп толық айтуға болады. Мәселен, KazEOSat-1 түсірілімнің жолақты, стерео және аудандық деген үш түрін жүзеге асырады. Ал KazEOSat-2 жер серігінің өнімділігі тәулігіне 1 млн шаршы километр.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, Жерді қашықтықтан зондтау жобасының нәтижесін негізінен күштік құрылымдар, сондай-ақ орталық және жергілікті мемлекеттік органдар көріп отыр.

Тағы бір айта кетерім, республикалық бюджеттік бағдарламаға сәйкес, жерді қашықтықтан зондтау түсірілімдері мен қызметтері Қазақстанда мемлекеттік органдар мен ұйымдарға олардың тапсырысына сай ақысыз беріледі. Осы уақытқа дейін жоғарыда айтып өткен екі отандық жер серігі (KazEOSat-1, KazEOSat-2) 630 млн шаршы километр түсірді. Тек 2017 жылдың өзінде еліміздік шекаралық аумақтары бойынша 11,5 млн шаршы км жерге қашықтықтан зондтау жасалып, 10 мыңнан астам ғарыштық түсірілімдер ұсынылды. Егер осы ғарыштық аппараттар өзімізде болмай, басқа елден осындай түсірілімдерді сатып алатын болсақ, 30 млрд теңгеге жуық шығын болатын еді.

– Қай салада да кадр саясаты аса маңызды. Ал ғарыш саласы, тіпті күрделі. Сіздің компанияда қазақстандық мамандардың үлесі қандай? Кадрлар қалай даярланады?

– Әрине, ғарыш саласының қазіргі қарқыны кәсіби мамандардың, олардың ғылыми ізденістерінің, жалпы адами ресурстың дамуымен тығыз байланысты. Кадр мәселесін шешуде компанияның алдына қойған айқын мақсаты, бекітілген тиісті жұмыстары бар.

Қазір «Қазақстан Ғарыш сапарында» штат бойынша 240 адам бар. Оның ішінде 70 пайызға жуығы, нақтырақ айтсақ, 167-сі инженерлік-техникалық маман, 9 ғалым *(1-математика ғылымдарының докторы, 1 – PhD)*, 6 ғылым кандидаты бар. Қызметкерлеріміздің орташа жасы 38. Отандық мамандарымыз шетелде білімін шыңдап, «Болашақ» халықаралық бағдарламасы арқылы әлемнің әр қиырында оқып, тәжірибе алмасады.

– «Қазақстан Ғарыш сапары» АҚ-ның жұмысы, мақсат-міндеттері жайлы танысып, біраз ақпаратқа қанықтық. Биыл сіздің компания KADEX-2018 халықаралық көрмесіне қатысқалы отыр. Бұл шарадан қандай нәтиже күтесіз?

– Біз үшін әрі жауапты, әрі маңызды сәт жақындап келеді. Себебі биыл бірінші рет KADEX халықаралық көрмесінің форматы өзгеріп отыр. Оның ерекшелігі осы көрменің аясында «Қазақстан ғарыш күндері: Қазғарыштың 25 жылдығы» халықаралық форумы да ұйымдастырылады. Біздің компания осы форумға тікелей жауапты. Бұрын қорғаныс министрлігінің ұйытқы болуымен KADEX көрмесі өз алдына, «Қазақстан ғарыш күндері» форумы өз алдына бөлек өтіп жататын. Осы жылы халықаралық шараға жаңадан құрылған қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі бас-көз болып, «KADEX-2018» көрмесінің ауқымы кеңейіп, мән-мазмұны артып отыр.

Қазір жер-жаһанға көз салсақ, әскери қорғаныс технологиясы мен ғарыш технологиясы қатар дамып жатыр. Өйткені, ғарыш саласы әлемнің дамуына, алға жылжуына әсер ететін бірден-бір сала. Былайша айтқанда, көшбасшы болып отыр. Интернетті айтпағанның өзінде, қарапайым тұрмыстағы дүниелерді алайықшы. Термос, баланың жөргегі, скотч, судың астында жазатын қалам секілді толып жатқан нәрсе бар. Соның бәрі ғарыш кеңістігін игерудің нәтижесінде жүзеге асуда. Ал енді форумның жұмысына келсек, жалпы 40-тан аса шетелдік компания қатысуға ниет білдіруде. Соның 25-і біздің «Қазақстан Ғарыш сапары» АҚ шақыруымен келгелі отыр. Оның ішінде 10 компания форумға демеушілік жасайды.

Форум аясында бірнеше бағыт бойынша секциялық жұмыстар ұйымдастырылады. Мәселен, біреуінде жерді қашықтықтан зондтау жүйесінің нәтижесі бойынша шетелдіктер біздің жетістігімізбен танысады. Олардың пікірлерін тыңдап, тәжірибе алмасамыз.

Ал екінші бір секцияда байланыс спутниктерінің жұмысы бойынша талқылаулар жасалады. Зымыран технологиясына арналған жиындар болады. Ғарыштық жабдықтар, аппараттарды құрастыру бойынша да жұмыстар ұйымдастырылады.

Бізде «Ғалам» бірлескен кәсіпорны бар. Негізінен, ғарыш аппараттарының конструкциясымен айналысады. 26 маманын шетелге жіберіп оқытып, қазір өз алдына нәтижелі жұмыс істеуде. Сен тұр, мен атайын деген өзіміздің қазақстандық жастар. Ол сала да өте күрделі. Себебі ғарыштық жабдықтардың, аппараттардың тетіктері бір-біріне келмейді. Өте күрделі жұмыс. Соны біздің мамандар игеріп, өзімізде құрастырып жатыр.

Бұдан бөлек, ғарыш саласындағы бастамалар бойынша инвесторларды шақыру, маңызды келісім құжаттарына қол қою да қарастырылып отыр.

– Көрмеге нақты не ұсынасыздар?

– «Қазақстан ғарыш сапары» ҰК» АҚ көрме алаңында компанияның жүзеге асырылған және келешекте жүзеге асырылатын жобалары туралы ақпараттар, жұмыс істеп тұрған KazEOSat-1 және KazEOSat-2 жер серіктерінің макеттерін ұсынады. Сонымен қатар алғаш рет технологиялық мақсаттағы ғарыш аппаратының макетін көрсетпекпіз. 2018 жылдың соңында ұшырылуы жоспарланған KazSTSat жер серігін қазақстандық мамандар жасаған.

Бұл форум бұған дейін 5 рет өткізілді. Ал биыл бірінші рет KADEX халықаралық көрмесінің шеңберінде ұйымдастырылып отыр. Бұрын өзге жұрттан үйренсек, енді шетелдіктерге де өзімізді мойындатып, қорғаныс пен ғарыш саласындағы жетістігімізді паш ететін мол мүмкіндік туып тұр.

– Әңгіменізге рахмет.

Сұхбаттасқан
Бейсен НАРЫНБЕК

Үш пікір

ҚАЗАҚША СӨЙЛЕУ ХАҚЫНДА

Қазір қазақ тілі мәселесі тез танылудың құралына айналғандай. Тіпті мемлекеттік тілде екі сөздің басын құрай алмайтындар қазақ тілін қалай үйрену керектігін айтып жүргенін көзіміз көруде. Кейбірі тіпті қошеметке бөленіп, өз ортасында «батыр» атанып жатады. Газетіміздің өткен бір санында мақала жазған *(Қара күшті құрметтейтін күнге жеттік...)* Сергей Ахметов қазақ қоғамын сынай отырып, «Қазір түсініктің өзгеруіне кім кінәлі?» деген сауалға жауап іздеген. Автор мақаласында «Еңбектен, талаптан, жігерлен, шабытыңды аш! Міне, сыйлы болудың, даңқ, бедел, атақ иеленудің жалғыз жолы осы.

«Адам болам десеңіз»...
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой
Бес асыл іс, көнсеңіз, – дейді Абай атамыз» – деп келтіреді.

Қазақ тілін үйренуді сөзбен емес, іспен дәлелдеп жүргендер баршылық. Осыдан біраз күн бұрын сайттар семейлік Диана Милосердова туралы жазды. Абай Құнанбайұлы мен Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін жатқа айтады екен. Ол «Ұлтым орыс болса да, ата-анам менің қазақ тілін жетік меңгерсем деген ниетімді қолдады. Солардың арқасында және қазақ достарымның арқасында осы тілді үйрендім», – дейді. Ол болашақта қазақ жігітіне жар болуды армандайтын көрінеді.

Қазақтар арасында да туған тілге мойын бұрып жатқандар баршылық. Соның бірі – қоғам қайраткері, блогер Айгүл Қоқай. 11 жылдық орта білімді орыс тілінде оқып, осы күнге дейін бір ауыз қазақша білмейтін қазақ қызы соңғы үш жылда ана тілін жетік меңгеріп алды. Соның жолын сұрап, пікірін сұрадық. Сондай-ақ қоғам қайраткері Әбдірашит Бәкіұлы мен белгілі журналист Дүрәлі Дүйсебайдың осы тақырыпта айтқан пікірін жариялап отырмыз.

Дүрәлі ДҮЙСЕБАЙ:

БӘЛЕНІҢ БӘРІ ӨЗІМІЗДЕ

Ұшақ деген көліктің төресі болып тұр қазір. Билетті ертерек алып қойсаң – арзан, тіпті пойыздан да арзан кей кезде. Қызығы сонда, көліктің ішіндегі ең қауіпсізі де осы ұшақ екен.

Таяуда Шымкенттен ұшып келдім. Бір сағат кешігіп ұшуымыз, қол жүктерін жарты сағат күтіп қалуымыз ол енді бөлек әңгіме, істің техникалық жағы. Тура орта жолға келгенде жолаушыларға шәй береді екен. Онысы да жолаушы үшін тиімді болып тұр. Соның реті келіп қалыпты, жолдың жартысын өттік-ау деймін, тағам тасып жүрген бір орыс жігіті мен орыс келіншек қасымызға келді де «Вода *(орыстар «вода» деп жазып, «вада» деп айтады ғой көбіне)* или...» деп бетімізге қарады.

Бізге қарай беттеп келе жатқанда-ақ «осылар қай тілде сөйлейді екен, «шәй бер» деп орысша айтайын ба, әлде қазақша сөйлейін бе?» деп өзімше болып отырғанмын. Өйткені Доған бауырымның стилі маған келіңкіремейді. Қазақша сөйлей алмаса «неге қазақшы сөйлемейсің?» деп бәле шығару маған жараса қоймас әрі «алдымен қазағыңды жөндеп ал» десе не деймін?» деп отырғанда олар қасыма келіп те қалыпты. Аузымды ашқаным сол еді, екі жағымда отырған бір қыз бен жас жігіт *(екеуі де қазақ)* менен бұрын тіл қатып үлгерді. Қыз бала «вада» десе, жігіт «томат» деді ме, әйтеуір әдемілеп орысша тапсырыс жасап жатты. «Хорошо, вот вам» деп екеуіне сұрағандарын күле ұсынды да, «А вам?» деп жымиды стюард жігіт. «Қара шәй» дедім жалма-жан, «Извините, не понял?» деп қалса, былай айтам деп ойымды жұптап қойғам. «Қара шай?... қазір...» деп лып ете қалды жігітім. Ішім жылып сала берді.

Бәрі өзімізден. Әсіресе, тілдің тағдыры. Олай дейтінім, біз қай тілде сөйлейміз, қай тілде қарым-қатынасқа түсеміз, өзге ұлттар да соған бейімделеді, сол тілде жауап беруге дағдыланады. Әлгінде келтірген мысалым соның айқын дәлелі. Ол Доғаннан кейін бе, әлде онсыз да шынайы өмірге бірте-бірте бейімделіп келе жатырмыз ба, ол енді өзге әңгіме.

Негізі қоғамдық орындарда алдымен орысша сұрақ қойылып жатады. Ол заңды да. Өйткені біз бір-бірімізбен орыс тілінде сөйлесеміз, өзгелер орысша сұраса жалп ете қаламыз. Қазақша жауап беріп көріңізші...

Осы жерде бір үлкен бастықтың осыдан оншақты жыл бұрынғы қарамағындағылармен қарым-қатынас жасау тәсілі есіме түсіп отыр. Өзінің қабылдауына келген адаммен оның бетіне қарамай бірден қазақша жөн сұраса бастайтын. «Қалай жағдай? Жұмыс қалай? Ауыр соғып жүрген жоқ па?» деген секілді. Сосын үстелден басын көтеріп алып: «А, кешіріңіз, Василий Иванович, это вы?» деп ары қарай орысша сөйлей жөнелетін. Ара-тұра алдында кім отырғанын ұмытып кеткендей қайта қазақшаға «байқамай» көшіп кете беретін.

Келесі рет қабылдауға келгенде қолындағы сөздікпен кіреді екен. Қабылдау бөлмесінде сөздік ұстап жаттап тұрған талай басшыны көріп едік. Осындай әдіс ұстанатын басшылар бар ма қазір. Өзге ұлт келсе де, орысша сөйлейтін қазақ келсе де орысша сөйлейміз. Оларға қазақша тіл қатып көрдік пе? Тіл қатып көрдіңіз бе? Көріңізші...

Бірді айтып, бірге кетіп бара жатырмын. Траптан түсіп бара жатып, бізді шығарып салып тұрған көк көзді, жылы жүзді стюардессаға «Спасибо вам, до свидания!» деппін ғой ескі әдетпен. Аман-есен жеткізгеніне деген ризашылығым болар. Кенеттен әлгі келіншек «Рақмет, аға, қош-сау болыңыз!» деп жымиғанда жаным жадырап шыға келді.

Өзге ұлт қазақша үйреніп-ақ жүр, хал-қадерінше, әрине. Біз оларға қазақша жауап беріп, қазақша сұрақ қойып, көмектеспейміз бе енді.

Жо-о-о-оқ! Біз орысша білеміз! Білгенде қалай! Олардан асып сөйлейміз. Осы құлдық психологиядан қашан құтыламыз?!

Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ:

ҚАЗАҚ БОЛУ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Адам ата-анасын, ұлтын, туған жерін таңдамайды. Бұл адамға Жаратушыдан әу бастан берілген құндылықтар қатарына жатады. Сондықтан еліміздегі өмір сүруші әр ұлт өкілі өз ұлттық құндылығын ардақтауға міндетті. Бұл – демократиялық қоғамның белгісі саналады. Сол сияқты, Оғыз Доғанның әрекетінен кейін тіл жөнінен екіге жарылып алған әрбір қазақ та «мен қазақпын» деп айтуға құқылы. Әрине, олар оны қай тілде айтса да ерікті.

Философияда «кемел», «асқақ» деген ұғымдар бар. Ол болмыс пен әрекеттің, ғылыми тілде – теория мен практиканың ажырамас бірлігін білдіреді. Ендеше, қазақ болу үшін алдымен «қазақ болу» қажет екен! Болмаса, ол «атаққа» босқа таласудың еш қажеті жоқ-ау деймін...

Айгүл ҚОҚАЙ:

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНСІН ДЕСЕҢ...

Қазақ тілін қорғау үшін, қазақ тіліне деген қажеттілікті тудыру үшін, біз қазақтардың санасына қызмет етуіміз керек. Бүкіл әлемнің озық ойын, қазақтың даналығымен ұштастырып, қазақша жазып, көпшілікке ұсынуымыз керек.

Қазақ тілін қай жерде, қалай қорғаудың амалын саяси, психологиялық тұрғыдан талдап, қадамын анықтауымыз қажет. Ол үшін барлық тіл мәселесі төңірегінде болған пікірталасты талдап, дұрысы-бұрысын анықтау керек. Біз аялдамаларды қазақ тілінде атауды қатаң талап етуіміз қажет. Ол «мемлекеттік тіл» статусынан өрбитін талап.

Тіл үшін күресте, біріншіден, қазақ тілінде маңызды контент, ұстанымдарды жазайық. Мәселен, саясатта жеңіске жету үшін барлық амалды қолдану қарастырылған. Онда ұтыс, ұтылыс, шегіну деген болады. Сол сияқты, қазақ тілін қорғауда әрдайым жеңіске жете беру мүмкін болмайды. Ең бастысы, ұтылмауды ойлайық. Ал қажет жерде шегініп де жүрейік.

Дайындаған Елдос ӨМІРЗАҚ

Жаны бір

Денис ТЕН, *мәнерлеп сырғанаушы:*

КӘРІСКЕ ҚАРАҒАНДА ҚАЗАҚ ЕКЕНІМДІ ҰҚТЫМ

«Өз еліңнен шыққан спортшының Отанын қаншалықты жақсы көретінін түсіну қиын емес. Головкин жеңіске жеткендегі оның мақтаныш сезімін айтып жеткізу қиын. Адамдар оның қазақстандық спортшы екенін, менталитеті қазаққа жақын екенін біледі. Менің ата-тегім кәріс болған соң «Корея қазағысың ба, әлде қазақ кәрісісің бе?» – деп сұрайды. Өмірлік құндылықтар мен көзқарасымды салыстыра келе, кәріске қарағанда қазаққа ұқсас екенімді ұқтым».

Дін

Бұдан былай әйелдер қоғамдық орындарда бет-әлпетін тұмшалайтын киіммен жүре алмайды. Осы аптада жаңа заң жобасын депутаттарға дін істері және азаматтық қоғам министрі Дархан Кәлетаев таныстырды. Ол заң жобасында қыз-келіншектердің киім-кешегіне қатысты тыйым енгенін, яғни көпшілік орындарда бет-жүзі тұмшаланған киіммен жүруге болмайтынын айтты.

ТҰМШАЛАНУҒА ЖОЛ ЖОҚ

Жаңадан мақұлданған заңда 12 актіге, соның ішінде 3 кодекс пен 9 заңға 53 түзету енгізу көзделген. Д.Кәлетаевтың айтуынша, мұндай қажеттілік соңғы жылдары әлемде қалыптасқан геосаяси, діни ахуал, экстремизм мен ланкестіктің күшеюі, дін саласындағы ұстаным мен нормативтік-құқықтық талаптарды жетілдіруден туып отыр.

Игі іс

АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Уақыт өз дегенін жасайды. Жыл өткен сайын бізге ардагерлеріміз бен тылда аянбай тер төккен жандардың қатары сиреп барады. Сондықтан майдангерлерімізді сыйлап, құрметтеу, оларға қамқорлық жасау – басты борышымыз. Осыған орай 9 мамыр Жеңіс күні қарсаңында «Ешкім де, ешқашан да ұмытылмайды» атты облыстық форум ұйымдастырылды. Аталған шара Алматы облыстық Қазақстан Халықтары ассамблеясының (ҚХА) ұйтқы болуымен Талдықорған қаласындағы Достық үйінде өтті.

Жиынға Ескелді, Көксу, Қаратал ауданы мен Текелі қаласының екінші дүниежүзілік соғысы және тыл ардагерлері, облыстық ҚХА құрылымдарының, этномәдени бірлестік төрағалары мен мүшелері және БАҚ өкілдері қатысты.

Нақты мәлімет бойынша бүгінде Жетісу өңірінде 138 екінші дүниежүзілік соғысының ардагері, 12 мыңға жуық тыл еңбеккері бар. Биыл сол майдангерлерімізге қолдау көрсету мақсатында бюджеттен 2 млрд 830 млн теңге, ал коммуналдық қызметтерге 16 млн теңге қаржы қарастырылған. 9 мамыр – Жеңіс күніне орай облыстық бюджеттен әрбір соғыс ардагеріне 150 мың теңге көлемінде бір реттік материалдық көмек берілді. Елбасы қамқорлығының арқасында ардагерлерге және басқа да санаттағы азаматтарға шипажайларға тегін емделуге биылғы жылы 187,5 млн теңге қаржы бөлініп отыр. Келешекте де ардагерлерге қамқорлық жасау жалғасын табатыны сөзсіз.

Салтанатты шара басында сөз алған облыстық ҚХА төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай жиналған қауымды мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Ол «От кешіп, қан жұтқан сол бір жылдар барған сайын бізден алыстауда. Майдан мен тылдың аты аңызға айналған ерлері барған сайын азайып барады. Бірақ олардың ерлігі ешқашан ұмытылмақ емес», – деді.

Облыстық қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Оралбек Жақиянов «Құрметті ардагерлер, биылғы Жеңістің 73 жылдық мерейлі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Бұл жеңіс 20 миллион халқымыздың қанымен, тылда ерінбей еңбек етіп аналарымыздың табан ет, маңдай терімен келді. Енді біздің алдағы мақсат – дамыған 30 елдің қатарына қосылу және соның жолында еңбек ету»,– деді.

Сондай-ақ облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Кәлемсейіт және облыстағы орыс орталығы төрағасының орынбасары Лариса Котельникова құттықтау сөз сөйлеп, ардагерлер ерлігін ешқашан ұмытпауымыз керектігін жеткізді. Қонақтарға мерекелік концерт ұйымдастырылып, соғыс кезіндегі әндер шырқалды. Ардагерлерге сыйлықтар мен гүл шоқтары тарту етілді.

Шара мұнымен ғана аяқталмай, ертеңінде тағы бір қайырымды іспен жалғасты. «Ұлы Дала Елінің киелі мұрасы» республикалық тарихи-экологиялық акциясы» жобасы аясында белсенді жастар тазалық акциясын өткізді. Бұл игі істі Алматы облыстық ҚХА ұйымдастырғанын айта кетейік. Белсенді жастар Ескелді ауданындағы айтыскер ақын Сара Тастанбекқызының ескерткішін тазартып шықты. Жеңіс күні қарсаңында даңқты жерлестеріміздің рухына тағзым жасауды да естен шығармай, Кеңес Одағының батыры Иван Косенковтың қабірі айналасын күл-қоқыстан арылтты. Бұған қоса, Қаратал ауданындағы Бастөбеде орналасқан «Қазақ халқына мың алғыс» монументі де елеусіз қалмады.

Бұл – сонау зұлмат жылдары Қиыр Шығыстан жер аударылып келген корей халқына қоныс болған мекен. Айдалып келіп, қайтыс болғандарды жерлеген қорым да осы маңда. Аталған ескерткіш корейлердің қиын шақта бір үзім нанын бөліп беріп, бауырмашылдық танытқан қазақтарға деген ерекше алғысының нышаны.

Акцияға Алматы облыстық ҚХА төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай, «Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының» директоры Тәңірберген Қасымберкебаев, облыстық қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Оралбек Жақиянов пен облыстық орыс этномәдени орталығының төрағасы Александр Бузыкин, т.б. қатысты. Сонымен бірге бұл іске ауылдық округ әкімдігінің қызметкерлері және ауыл жастары, «Жасыл ел» жастар жасақтары да тартылды.

Шара аясында айтыскер ақын Сара Тастанбекқызы ескерткішінің аумағына 25 тал отырғызылып, екі ескерткіш аумағында да әктеу, сырлау тазалау жұмыстары жүргізілді.

«Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының» директоры Тәңірберген Қасымберкебаев «Осындай игі істердің барлығы Елбасымыз Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында жүзеге асырылып жатыр. Тек бір жерде ғана емес, Алматы облысының барлық өңірінде осы бағыттағы шаралар қолға алынып, ұйымдастырылуда. Алдағы уақытта да мұндай жұмыстар жалғасын табады», – деді.

Ынтымақ

Биыл Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне – 26 жыл. 7 мамыр — Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ерекше күн. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен еліміздің Қарулы Күштері құрылғаннан бері бұл күн – Отан қорғаушылар күні болып мерекеленіп келеді. Осыған орай Талдықорған қаласындағы І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде «Ұранды елдің ұрпағы қайсар» атты облыстық форум өтті. Білім ордасы аталған шараны Алматы облыстық Қазақстан Халықтары ассамблеясымен бірлесіп ұйымдастырған.

БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН ЕЛДІҢ ҰРПАҒЫ

Форумға қаладағы мектеп, лицей, колледж бен университет білімгерлері мен оқытушылары қатысты. Шарада оқу ордасының әскери кафедрасында оқитын шәкірттер сап түзеді. Қолдарына қару алып, ел тыныштығын күзетпесе де, білімгерлер жауынгерлік әзірліктерін үнемі шыңдаумен келеді.

Салтанатты жиын басында сөз алған І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры, география ғылымдарының докторы, профессор Қуат Баймырзаев сөз алып, жиналғандарды 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнімен құттықтады.

Ол «Біздің білім ошағында ертең елін, жерін, Отанын қорғайтын жастар білім алуда. Еліміздің болашағы – жастардың қолында. Елбасымыз жүргізіп отырған саясатының негізінде мемлекетіміздің жігерлі де қайсар ұрпағын тәрбиелеуде барынша күш салудамыз», – деді.

Бір жағынан білім алып, енді бір жағынан әскери міндетін өтеп жүрген жастардың жалпы саны 125-ке жуық болса, отызы – бойжеткен. Айта кетерлік тағы бір жайт, білім шаңырағындағы әскери кафедра биыл алғашқы түлегін ұшырмақшы.

І. Жансүгіров атындағы ЖМУ әскери кафедрасының аға оқытушысы Мейрамбек Иманбаев «Егер түлектеріміз оқуын ойдағыдай тәмамдап, барлық сабағын өте жақсы бағамен тапсыратын болса, лейтенант шенін алып шығады. Осыдан соң олардың өз қалауымен Қазақстан Қарулы Күштері сапында қызметін әрі қарай жалғастыру мүмкіндігі бар»,– дейді.

Одан кейінгі кезекте «Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының» директоры Тәңірберген Қасымберкебаев көпшілікті мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Ол «Елордасы Астананың 20 жылдық мерейтойына орай биылғы Отан қорғаушылар күні мерекесі қарсаңында түрлі шара ұйымдастырылған болатын. Солардың бірі – осы облыстық форум. Бұл форум аясында осыған дейін автоматты бөлшектеп, жинау бойынша сайыстар өткізілді. Бүгін сол жарыстың қорытындысы шығарылып, жеңімпаздар марапатталмақшы»,– деді.

Сонымен қатар жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде өзіндік үлесін қосқан университеттің әскери кафедра басшысы, Талдықорған қаласындағы колледждер мен мектептердің бастапқы әскери дайындық пәні мұғалімдерін Алғыс хатпен және сыйлықтармен марапаттады.

Шара ұйымдастырушыларының бірі, облыстық ҚХА жанындағы қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрі орталығының басшысы Серікбол Шыныбаев осындай іс-шараларды өткізу арқылы қазақстандық патриотизмді қалыптастырып, ата-бабаларымыздың ұлағатты ойы мен дәстүрлі тәрбиесін жаңғыртатынымызды тілге тиек етті.

Форум аясында патриоттық және саптық әндер орындалып, сапқа тізілген жауынгерлер шеруі көрсетілді. Сондай-ақ автоматты бөлшектеп, жинау бойынша өткен сайыстың қорытындысы шығып, жеңімпаздар марапатталды. Шараның жалғасы мерекелік шеру мен концертке ұласты.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бронислав ДРУГОВ,
Алматы облыстық ҚХА жанындағы «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысының белсендісі:

– Ең алдымен баршаңызды 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Аға ұрпақ пен жас буынның Отанымызды қорғап, қызметте айтулы үлес қосқанын біз, жастар әрқашанда мақтан тұтамыз. Біздің тәуелсіздігіміз бен тұтастығымызды, тыныштығымыз бен бейбіт тірлігімізді қас қақпай күзетіп тұрған, халқымызға қорған болған ұлттық әскеріміздің айбыны арта берсін! Ал бүгінгідей патриоттық пен отансүйгіштікке баулитын іс-шаралардың жиі өткізіліп тұруының біз сияқты жастарға берер тәрбиелік мәні зор деп есептеймін. Себебі осындай жауынгерлік машықтар мен көріністерді тамашалай отырып, олардан өнеге алып өсетін келешек ұрпақ Отанына адал қызмет етеді деп сенемін.

Береке

ТАТУЛЫҚТЫ ТУ ЕТКЕН БІРЛЕСТІК

Алматы облысында алғашқы этномәдени орталықтар өткен ғасырдың 80-90 жылдары құрылып, Жетісу халықтарының қауымдастығы атты бірлестік ұйымдастырылған. Кейін облыстық ассамблея құрылғаннан соң өңірдегі барлық этномәдени орталық ассамблеяның құрамдас бөлігі болып енді. Қазіргі таңда облыстағы этномәдени бірлестіктің саны 70-тен асты. Олардың 23-і облыстық, қалғаны аудан және қалалық деңгейде қызмет атқарады. Біз осы жолы корей этномәдени бірлестігі туралы жазуды жөн көрдік.

Өңірдегі корейлердің этномәдени бірлестігі 1996 жылдың сәуірінде тіркелген. 2002 жылы Алматы мен Талдықорған облыстары біріккен уақытта, бірлестік аймақтық корей мәдени орталығы ретінде қайта құрылып, 2006 жылы Қазақстан корейлері қауымдастығының құрамына енді. Бірлестіктің мақсаты – корей этносының адамгершілік-сауаттылық құндылықтарын сақтап, жастарды ата-ананы және отбасы мен қоғамның игілігі жолындағы таза еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу.

Этномәдени бірлестіктің қызметі тілді дамытуға және ерекше ұлттық мәдениетті сақтауға бағытталған. Сондай-ақ қайырымдылық шараларға барынша атсалысып, материалдық көмек көрсету жұмыстарында белсенділік танытады. Орталық өз жұмысын аудандық этномәдени бірлестіктер төрағалары арқылы жүргізеді. Қазір бірлестік жетекшілік ету жұмысы Роберт Цойға жүктелген.

Ал «Қазақстан – Корея» достық қоғамы аймақтық қоғамдық бірлестігі 1995 жылдан бері жұмыс атқарып келеді. Бұл азаматтардың ұлттық, діни және әлеуметтік айырмашылығына қарамайтын ерікті негіздегі бірлестік. Аталған бірлестіктің төрайымы Клара Ханның айтуынша, қоғамның негізгі мақсаты – еліміз бен корей халықтары арасындағы достық пен өзара түсіністікті нығайту. Сонымен бірге екі елдің арасындағы мәдени, іскерлік және ғылыми байланыстардың дамуына қолдау көрсету болып табылады.

Ұйым қоғамдық қозғалыс белсенділеріне сүйеніп, әкімдік пен Алматы облысындағы ҚХА өткізген шараларға белсенді түрде қатысып отырады. 7 жыл бойы мәдени қоғамның ұйымдастыруымен «Тәуелсіз елдің тарихы. Ұлы дәстүрлер» атты форум өткізіліп жүр.

Алматы облыстық ҚХА төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай «Бірлестік ұлттық дәстүрлерді қайта түлетіп сақтауда, корей халықтарының тарихы мен тілін үйренуге бағытталған мәдени-ағартушылық жұмыстарды жүзеге асыруда зор үлес қосып келеді. Бірлестік өкілдері республикада азаматтық қоғам қалыптастырудың өзекті мәселесі жөніндегі бұқаралық пікірталастар мен дөңгелек үстелдерге белсенді түрде қатысып, басқа да этномәдени орталықтарымен бірге ұйымдастырған барлық мемлекеттік шараға атсалысады. Сондай-ақ әр түрлі кеш пен көрме, өзге де шараларды өткізуде өте белсенді», – дейді.

Мәселен, кеше ғана «Қазақстан – Корея» достық қоғамы өңірлік филиалының ұйымдастыруымен «Астана – тәуелсіз елдің тарихында» атты VII облыстық форум үлкен салтанатпен өткен болатын. Астананың 20 жылдық мерейтойына орай, облысымызда көптеген игі шара өтіп, бірқатар жұмыс жүзеге асып жатыр. Бұл тұрғыда облысымыздағы «Қазақстан – Корея» достық қоғамының мұрындық болуымен болған салтанатты шараның орны ерек. Форумды облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай ашып, артынша мерейтойға арнайы ұйымдастырылған шығарма және сурет байқауларының жеңімпаздарын марапаттаған.

Бүгінде қоғамның бастамасымен денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік жобалар бойынша Оңтүстік Кореяның тиісті мекемелерімен қарым-қатынас орнатылған.

Бетті дайындаған
Лина АЙДЫНҚЫЗЫ,
Алматы облысы

NÁÝBET

7

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

AQIQAT

Қазақстанда 1931-1933 жылдарда орын алған алапат ашаршылық қазақ тарихындағы ең ауыр қаралы беттердің бірі. Бұл мәселе кеңестік тоталитарлық жүйе тұсында ғылыми-зерттеулер үшін жабық тақырыпқа айналды. Өйткені И.Сталиннің 1934 жылы XVII партия съезінде Кеңестер Одағындағы халық саны 1937 жылға дейін 12 млн 300 мың адамға артып, осылайша социализмнің капитализмнен артықшылығы демографиялық тұрғыдан да дәлелденетін болады деп нақтылауы, өкінішке қарай, керісінше болып шықты.

АШАРШЫЛЫҚ АҚТАҢДАҚТАРЫ

1930 жылдардың басында, күштеп ұжымдастыру жылдарында Кеңестер Одағындағы халықтың саны миллиондаған адамға кеміп кетті. Бұл 1937 жылдың басында өткізілген Бүкілодақтық халық санағында айқын көрініп тұрды. Осыған байланысты осы санақты ұйымдастырушылар, аудандық санақ басқармасының бастықтарынан бастап Бүкілодақтық санақ басқармасының *(ол – кездегі аты Нархозучет)* бастығы Кравальға дейін халық жаулары ретінде атылды. Олардың арасында республиканың санақ басқармасының бастығы Саматов пен оның орынбасары Мацкеевич те бар еді. Бүгінгі жас ұрпақ біз әңгімелеп отырған қайғылы тарихтан толық хабардар деп айта алмаймыз. Мұны білу тоталитарлық жүйенің жазалау механизмінен жан-жақты хабардар болу үшін керек.

Ал қазақ үшін ашаршылық тарихын білу неліктен қажет дегенге келер болсақ, мынаны айтар едік: ежелгі дәуірден бері халқымыздың тарихы шұғылалы беттерден ғана емес, көлеңкелі, келеңсіз құбылыстардан да *(катаклизмдерден)* тұрғанын бәріміз жақсы білеміз. Сондықтан, яғни тарихымызды толыққанды зерттеу үшін өткеніміздің қасіретті құбылыстарын, қайшылықты, тіптен керағар тұстарын ұмытпауымыз керек. Бұл жаңа ұрпақ санасын шынайы, объективті тарихи біліммен суарып, олардың Отаншыл болып өсуіне үлкен ықпал жасайды деп ойлаймыз. Біздің тарихымыз жеңістерден ғана емес, жеңілістерден де тұратынын мойындайтын уақыт болды.

Алайда аталмыш ашаршылық тарихын украиндар тәрізді басқа халықтан кек алу үшін саяси ойын құралына айналдырудың қажеті жоқ. Бұл қасіретті тарихтың саяси сипатынан гөрі әлеуметтік–рухани салдарлары әлдеқайда салмақты. Осыны ескеруіміз керек. Елбасымыз Н.Назарбаев зерттеушілер назарын ашаршылық тарихына бұрған кезде, бір ғана қаралы тарихи құбылысты емес, бүкіл қазақ тарихындағы осындай көлеңкелі тұстарды зерттеушілердің шынайы да, объективті талдауын талап етіп отыр деп ойлаймыз. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің қадыр-қасиетін, халқымыз өткен ауыр да, күрделі тарихты жан-жақты тереңдете зерттеп, одан дұрыс қорытындылар жасағанда және осыдан өзімізге қажет тағылымдар алғанда ғана толық түсіне аламыз.

1931-1933 жылдардағы ашаршылық қарсаңында қазақ халқының саны қанша еді?

Бұл ашаршылық тарихын зерттеушілер үшін аса маңызды, тіптен басты мәселе деген болар едік. Осы жылдардағы ауыл халқының, оның ішінде қазақтардың санын бұрмалап көрсету тарихи шындықтан адастыратынын кез келген зерттеуші ұмытпауы тиіс. Қазақ халқының 1930 жылдың басындағы нақты санын білмей ашаршылықтан қырылғандардың пайыздық үлесін анықтау мүлде мүмкін емес. Бұл мәселеде мұрағат қойнауларында қажетті деректер сақталғанын да атап көрсетеміз. Негізінен бұлар Бүкілодақтық санақ көрсеткіштері. Олар бойынша 1926 жылдың соңында Кеңестер Одағындағы қазақтардың саны – 3 млн 968 мың адамды құраса, ал 1937 жылғы санақ мәліметі бойынша қазақтар – 2 млн 862 мың адам, ал 1939 жылдың басындағы санақта – 3 млн 842 мың адамды құрады. Аталған ашаршылықтың демографиялық салдарларын зерттеушілер әдетте осы мәліметтерді басшылыққа алып, оларды салыстырмалы түрде талдайды. Олардың арасында шетелдегі Роберт Конгвест, Робер Дэвис, Стивен Уиткрофт, Никола Пианчиело және тағы басқалар да бар.

Дегенмен де, зерттеушілер үшін негізгі деректерді құрайтын бұл санақтарда қазақтардың саны бұрмаланып көрсетілгені ешкімді ойландыра қоймайды. Мұны дәлелдеу үшін 1897 жылғы халық санағына жүгінейік: бұл кезде қазақтардың саны – 3,5 млн адамға жеткен. Бұл біршама шынайы дерек. Осыны бастау етіп алар болсақ, 1921-1922 жылғы ашаршылықта қазақтардың 30 пайызы қырылғанын ескергеннің өзінде де, 1926 жылғы Бүкілодақтық халық санағының қазақтардың санын толық қамтымағанын байқау қиын емес. 1916 жылғы патша үкіметінің есепке алу

санағынан қаймыққан қазақтар 1926 жылғы санақтан жасырынып қалуға тырысты. Зерттеушілер осы мәселені ескере бермейді. Ал 1937 жылғы қаңтардағы және 1939 жылғы қаңтардағы санақтардағы қазақтар санын салыстырғанда, кейінгі санақтың көрсеткіштерінің қазақтарда орын алған ашаршылық құрбандықтарын азайту үшін, адам санын асырып көрсететінін байқау қиын емес. Өйткені, жоғарыда айтқанымыздай, 1937 жылғы санаққа жауапты адамдар *(санақ басқармалары басшылары)* түгелдей атылған соң, 1939 жылғы санақты жүргізушілер ашаршылық халықты жалмаған аймақтарда адам санын *(оның ішінде қазақтардың)* үстемелеп көрсетуге амалсыздан барды. Бұлай болмаған жағдайда соңғы санақты жүргізушілер де алғашқылардың қасіретті тағдырын құшатын еді.

Бұдан шығатын қорытынды: аталмыш Бүкілодақтық санақ мәліметтері 1930-1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарының санын анықтауда негізгі дерек көздері бола алмайды. Оларды мұрағат қойнауындағы әртүрлі мекемелердің ресми мәліметтерін талдауда қосымша, жалпылама және жанама деректер ретінде ғана пайдалануға болады. Өкінішке қарай, шетелдіктерді айтпағанда өзіміздің зерттеушілерміз де біз атап өткен санақтардағы олқылықтарды ескере бермейді.

Шындықты іздестірер болсақ, басты деректер қатарына Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы отырықшыландыру жөніндегі республикалық комитеттің техникалық кеңесінің ресми мәліметтері де есепке алынуы тиіс. Осы мекеменің 1931 жылы 14 желтоқсандағы мәжілісінде мемлекеттік жоспарлау мекемесінің ресми мәліметі тыңдалған. Бұл бойынша Қазақстандағы барлық көшпелі және жартылай көшпелі қожалықтар санының 706 мың екендігі атап көрсетіледі. Олардың 42 мыңы, яғни 5 пайызы ауқаттылар қожалықтары еді. Бұл дегеніміз – сол жылдары осы мекемеде қызмет жасаған М.Сириустың есебі бойынша 4 млн 236 мың қазақ болып шығады. Ол кезде Қазақстандағы барлық ауыл халқының *(басқа ұлттарды қосып есептегенде)* саны – 5 млн 800 мыңнан асып түсетін.

Бірақ бұл деректердің де кемшілігі бар: біріншіден, мұнда ашаршылықтың алғашқы жылында қырылған қазақтар есепке кірмей қалған; екіншіден, мұнда тек көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларының саны ғана есепке алынған. Бұл дегенмен де, сол жылдардағы қазақ халқының 90 пайызға жуығы болып табылады. Отырықшы қазақтарды есептемегенде, осы жылдары қазақтардың 6 пайызға жуығы қалаларда тұрғанын ұмытпауымыз керек. Бұл жылма-жыл өткізілетін, біршама шынайы қала халқының санағында көрсетілген. Алайда қазақ халқының саны 1928 жылғы ірі байларды тәркілеу науқанынан бастап қысқара бастағанын ескеруге тура келеді. Бұл мәселеде де бізде нақты мұрағаттық дерек бар. Ол бойынша 1928 жылы қазақтардың барлық қожалықтарының саны – 826 мың *(яғни 4 млн 800 мыңнан астам адам)* екенін көреміз. Бұлардың 120 мың қожалығы отырықшы болса, 700 мыңнан астамы көшпелі және жартылай көшпелі еді. Міне, қасіретті зобалаң қарсаңындағы қазақтың нақты саны осындай.

1937 жылдың 14 ақпанында республика санақ басқармасының бастығы *(Қазнархозучет)* Саматовтың Мәскеудегі бастығы Кравальға және Мирзоянға жолдаған мәліметі бойынша 1930 жылы 1 маусымда ауыл халқының саны – 5 млн 873мың адам *(оның ішінде қазақтар 4,5 млн асып түсетін)* болатын. Осылайша, ресми деректер ашаршылық қарсаңындағы Қазақстандағы қазақ және басқа халықтардың ауыл шаруашылығындағы санын анықтауға мүмкіндік беретінін, бұл тарихты жазғанда ескергеніміз жөн. Бұл айтылғандарды дәлелдейтін жанама ресми деректер де баршылық. Олардың ішінде Л.Мирзоянға жазылған «Алтаудың хатындағы» *(Ғ.Исқақов, И.Қаболлов, Ж.Арыстанов, В.Айбасов, Ғ.Тоғжанов, У.Жандосов (Ораз Жандосовтың ағасы))* ресми мәліметтер де бар. Онда хат авторлары Қазақстанның Қазсовнаркомының мәліметі бойынша 800 мың қазақ шаруашылығынан *(4 млн 800 мың адамнан)* 1932 жылдың көктемінде 450 мың қазақ шаруашылықтары *(2 млн 250 мың қазақ)* қалғанын атап көрсетеді. Мұндай мәліметтерді мұрағат қорларынан келтіре беруге болар еді. Алайда осы айтылғандардың өзі шындықты бейнелейді деген ойдамыз.

Ашаршылықтағы босқыншылықтың көлемі қандай?

Бұл мәселеге байланысты мұрағаттарда дерек өте көп. Өйткені кезінде Мәскеудегі Тұрар Рысқұловтың арнайы тапсырмасымен Қазақстан басшылығы үкімет жанынан Босқындарды шаруашылықтық орналастыру комитетін құрған болатын. Оның өкілдері қазақтар босып кеткен Кеңес Одағының аймақтарында жұмыс істеп, босқындар санын анықтаумен және оларды Қазақстанға қайтарумен айналысты. Осыған қатысты құжаттар мұрағат қойнауларында сақталған.

Босқындар саны Тұрар Рысқұловтың Иосиф Сталинге жазған екінші хатында да әртүрлі аймақтар бойынша біршама нақты көрсетілген. Сонымен бірге Батыс Сібірдегі, Орта Еділдегі, Қырғызстандағы, Орталық Азиядағы қазақ босқындары туралы мәліметтерді сол аймақтың басшылары да Мәскеуге және Қазақстанға жолдаған ресми және жедел хаттарында нақтылай түседі. Олардың бәрін тарихи салыстырмалы түрде талдар болсақ, 1932 жылдың 1 ақпанына дейін қазақстандық 1млн 500 мың адамның босқыншылыққа ұшырағанын байқар едік.

Бірақ босқыншылық 1933 жылдың шілде айына дейін созылды. Қазақстан үкіметінің 1933 жылы Мәскеуге берген ресми мәліметтеріне қарасақ, 1931-1933 жылдары Қазақстан бойынша ауыл халқының саны – 2 млн 600 мың адамға кеміген. Бұл негізінен қазақ қожалықтарына қатысты. Жылдар бойынша қарастырар болсақ, 1930-1931 жылдары *(маусым айындағы есеп)* ауыл халқы мал санақтары бойынша 759 мың адамға кемісе, 1931-1932 жылдары 1 млн 887 мың адамға, 1932-1933 жылдары 733 мың адамға, барлығы - 3 млн 379,5 адамға кеміген. Атап көрсетер бір нәрсе, бұл мәліметтер қайтыс болғандарды да, тірі босқындарды да қамтиды. Яғни мұрағат қойнауындағы деректерде аштық құрбандары мен тірі қалған босқындар сандары көбіне бірге көрсетіледі. Мұның өзі босқындар санын ашаршылық құрбандарынан бөліп көрсету қажеттігін туғызады. Өйткені тірі қалған босқындарды анықтамай, аштан өлгендердің санын нақтылау мүмкін емес.

Санақ мәліметтерін талдағанда көрші республикалардан Қазақстанға қайтпай қалған қазақтардың 300 мыңнан астам адам екенін аңғара аламыз. Бұл Кеңес Одағындағы Қазақстанға көрші аймақтардағы ажал құрсауынан құтылып, аман-есен өмір сүріп жатқан босқындар. Қазақстанның өз ішіндегі босқындарға келетін болсақ, бұл мәселеде де нақты деректер бар. 1934 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстандағы шаруашылық, өндіріс орындарына орналастырылған босқындар саны – 628,2 мың адам *(139,6 мың қожалық)* екенін көреміз. Жалпы алғанда 1933-1934 жылдары Қазақстанда 640 мың адам *(160 мың шаруа қожалықтары)* босқындарға көрсетілген көмектің нәтижесінде Қазақстанға орналастырылды. Бұл Қазақстанның ішіндегі ашаршылықтан аман қалған босқындардың сандық көрсеткіштері. Ал енді жалпы босқындардың Қазақстаннан шығып кеткен 500 мыңнан астамының 200 мыңдайы Қазақстанға қайтып оралды. Л.Мирзоян өзінің 1933 жылы 23 наурызда Сталинге және Молотовқа жазған хатында республика ішіндегі босқыншылыққа ұшыраған халықтың санын – 300 мың адам *(90 мыңнан аса қожалық)* деп атап көрсеткен болатын. Сонымен қатар, Қазақстанның 30 ауданында босқыншылық орын алғаны туралы Голощекиннің 1932 жылға 9 қыркүйекте Мәскеуге жазған хатында нақты атап көрсетіледі. Жанама және ресми деректерді талдау нәтижесінде алапат ашаршылықта 1930 жылы қазақ босқындарының саны жалпы алғанда *(шетелдегілерді қосып есептегенде)* 1 млн 100 мыңнан асып кететінін көреміз.

Босқындар санын толығырақ көрсету үшін шетелге өткен қазақтар санын анықтап алуымыз керек. Бұл мәселенің осы уақытқа дейін едәуір бұрмаланып келгенін де айтпасқа болмас. Тағы бір айта кетер нәрсе, Қазақстан тарихына байланысты іргелі зерттеулерде Қазақстанда аштан қырылғандар шығынын аман қалған босқындар есебінен жауып, осылайша ашаршылық құрбандарын азайтып жіберетіндер де бар. Мысалы, Роберт Конквест Қазақстанның шекаралық аудандарынан Батыс Қытайға 200 мың қазақ көшіп кетті десе, ал ресейлік тарихшылар Ю.Поляков, В.Жиромская, И.Киселев олардың санын 1,3 млн адамға жеткізеді. Әсіресе соңғылардың Қытайға өткендер сандарын ешбір негізсіз тым ұлғайтып көрсетулері Қазақстанда аштан қырылған қазақтардың санын көпе-көрнеу азайтып көрсетуге алып келетінін айтуға тура келеді.

Өкінішке қарай, Қытайға кеткен қазақтар санын 500 мыңдай адам деп көрсететін қазақстандық тарихшылар да *(Б.Төлепбаев, В.Осипов)* бар. Мұның өзі кейбір зерттеушілерді аштық қасіретіне байланысты қате қорытынды жасауға итермеледі. Егер 1930-1933 жылдары Қазақстанда қысқарған ауыл халқының саны босқындарды қосып есептегенде – 3 млн 379,5 мың есептесек, қазақтарды шетелге көптеп көшіріп жіберу аштан қырылғандарды азайтады. Мұндай қорытынды, сөз жоқ аталмыш ашаршылық жылдарындағы тарихымыздың шындығын көлегейлейді. Айта кетер бір мәселе, Қытайға кеткен қазақтар саны ОГПУ-дың шекаралық бөлімдерінің мәлімдемелерінде және Қытайдағы КСРО барлаушыларының құпия баяндауларындағы деректерде нақты көрсетілген. Олар бойынша тіптен Қытайға көшкендердің әлеуметтік құрамы да нақтылана түскен. Мысалы, 1930 жылы Қытайға 15 мың 302 қазақ өткен болса *(олардың 3 510 – байлар, 50 39 – орташалар, 40463 – кедейлер, 2290- колхозшылар)*, ал 1931 жылы Қытайға өткендер 36 965 адам *(олардың 7542 – байлар, 3606 – орташалар, 14 840 – кедейлер, 8469 – колхозшылар)* екенін көреміз. Яғни екі жылда Қытайға өткендер саны барлығы – 49 мың 759 адам.

Сонымен қатар шекарадан өткен қазақтардың ұстағандарының да саны деректерде атап көрсетілген. Мысалы, 1931 жылдың 1 қаңтарынан 1 қарашасына дейінгі аралықта ғана шекарадан өтерде 14 мың 412 адам ұсталған. Шекараны бұзып өтпек болған босқындардың қанды қырғынға ұшырағандары да тарихи шындық. Ресми мәлімет бойынша, 1930 жылдың өзінде ғана Іле округінің шекарасынан Қытайға өтерде 1000-нан астам қазақ босқындары өлтірілген. Дегенмен Батыс Қытайда 1931 жылдың 1 қарашасынан бастап шекара күзеті барынша күшейтілді. Дәл осы кезеңде кеңес үкіметі тарапынан шекараны күзетуге байланысты қосымша шара қолға алынды. Өз кезегінде Батыс Қытайдың Үрімжі және Чигучак губернаторлары 1932 жылдың наурыз айында Қытай шекара күзетіне КСРО-дан өтіп келген босқындарды жедел кейін қайтару туралы арнайы нұсқау берді. Бұл бойынша босқындарды жасырған Қытай шекарашылары жауапкершілікке тартылатын болды.

Айта кетер тағы бір нәрсе, 1930-1931 жылдардағы Қытай мен Қазақстанның шекаралық аудандарындағы халықтың қысқаруы туралы мемлекеттік жоспарлау мекемесінің мәліметі де бар. Ол бойынша осы кезеңде Қазақстанның шекаралық аудандарында халық саны – 87 мыңдай адамға қысқарған. Сонымен қатар Қытайдағы барлаушылардың мәліметтері бойынша, Батыс Қытайда осы жылдары Қазақстаннан көшіп келген 60 мың адам өмір сүріп жатты. Осыларды және 1932 жылы шекарадан өткендерді және шекара бойындағы қарулы қақтығыстарда қайтыс болғандарды қосып есептейтін болсақ, Қытайға өткен қазақтардың санын 70 мыңның айналасы деп көрсетер едік. Бұларға Ауғанстанға және тағы басқа шетелге өткендерді қосып санағанның өзінде күштеп ұжымдастыру жылдарында шетелге өткендер саны шамамен 100 мыңның айналасын құрайды. Шекаралық ОГПУ органдарының мәліметтерінде қазақтардан кейін Қытайға көп көшіп жатқан ұйғырлар болып табылатыны атап көрсетіледі. Олар негізін Жаркент және Октябрь аудандарынан көшіп кеткен. Қытайға кеткендер арасында дүнгендер мен орыстар да бар. Бұлар Жаркент, Лепсі, Үржар және Зайсан аудандарынан көшіп кеткендер болатын. Ресми мәліметтерде Қытайға қазақстандық дүнгендердің жартысынан жуығы көшіп кеткені атап көрсетіледі.

Дегенмен, Қытайға өтушілердің негізін қазақ босқыншылары құрады. Айта кетер тағы бір нәрсе, 1931 жылы Қытаймен шекаралас аудандардың саны 11 *(бұрын 16 еді)* болды. Олар – Алакөл, Лепсі, Октябрь, Жаркент, Кеген, Нарынқол, Шонжы, Қатонқарағай, Зайсан, Тарбағатай, Үржар аудандары болатын. Сонымен қатар Талдықорған және Ақсу аудандары да шекараға жақын орналасты. Шекаралық аудандардың халықтары 1931 жылы 505 мың адамнан асып түсті *(бұл Қазақстан халқының 7,33 пайызы болатын)*. Шекаралық аудан халықтарының 66,10 пайызы қазақтар *(334 мың 268 адам)* болды. Бұдан байқайтынымыз, шекаралық аудан халқының өзі жарты миллионнан сәл ғана асатындықтан Қытайға бұл кезеңде 1 миллионнан астам адам көшіп кетті деуге ешбір негіз жоқ. Оның үстіне 1930 жылдан бастап Батыс Қытайда халықты паспорттық жүйеге тіркеу қолға алынған еді. Мұның өзі Қытай жағының сырттан келген босқын қазақтарды арнайы есептеуіне алып келді.

Шекаралық отрядтардың ресми мәлімдемелерінде Қытайға өтушілердің негізінен қолдарындағы әртүрлі заттарын астыққа айырбастау үшін амалсыздан шекараны бұзатыны атап көрсетіледі. Сонымен қатар Қытайға өтіп алып, онда шекаралық аудандарда қарулы жасақ ұйымдастырып, Қазақстандағы өзінің туыстарын өткізіп алумен шекаралық аймақтардан Қытайға колхоз малдарын айдап кетумен айналысқан қазақтар туралы нақты мәліметтер Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қорында жақсы сақталған.

Қорыта келгенде айтарымыз, Қазақстаннан сыртқа шығып кеткен босқындарды және Қазақстанның өз ішіндегі босқындарды есептегенде, олардың жалпы санының 1 миллионнан асып түсетінін *(нақты санақ бойынша 1 млн 149 мың адамнан асатынын)* аңғара аламыз.

Талас ОМАРБЕКОВ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

(Жалғасы бар)

1930-1931 жылдары *(маусым айындағы есеп)* ауыл халқы мал санақтары бойынша **759** мың адамға кемісе, ***1931-1932 жылдары*** **1 млн 887** мың адамға, ***1932-1933 жылдары*** **733** мың адамға, барлығы – **3 млн 379,5** адамға кеміген

ЖҚ

AINA

E-mail: jas_qazaq@mail.ru www.jasqazaq.kz

Дала дәстүрі

Қойнауы Қаратаудың құтқа толған

«Басынан Қаратаудың көш келеді, Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді». Халық әніне айналған осы бір шумақ қара өлеңді естіген сайын «Осы «Қаратау» қайсы тау екен?» деп ойлаушы едім. Бүгін, міне, сол Қаратауға жол түсті. Жамбыл облысынан басталып, Созақты кесіп өтетін, Қызылордаға қарай созылып жатқан кәдімгі қарт Қаратау. Шыңдары бұлт тіремесе де, тарихы тамырлы, шежірелі өлке. Біз малшылардың тойына бардық.

«Қора-қора қой бар. Бірақ қойшы жоқ. Қой бағатын бала табылмайды. Қазіргі жастарды түсінбеймін? Тепсе темір үзетін қанша жігіт Алматы мен Астанада не күзетші болып, не арба сүйреп жүр. Бірде тоқ, бірде аш. Баспанаға да жарымайды. Оданда ауылға келіп қойшы болмай ма? Қой баққан адамның қарны тоқ, көйлегі көк болады». Қарт Қаратаудың бөктерінде өткен малшылар слетінде Шиелінің озат қойшысы Наурызбай Ақалмасов шопанның жырын осылай жеткізді.

Қызылорда облысы әкімдігінің бастамасымен облыс көлемінде осымен төртінші рет ұйымдастырылып отырған малшылар слеті қарт Қаратаудың бөктерінде аталып өтті. Қаз-қатар тігілген алты қанатты ақбоз үй. Құрт қайнатқан әжелер мен гүл терген қызғалдақ қыздар. Ат ойнататқан білекті жігіттер. Ақсақалды аталар мен ақ шылауышты әжелер. Жайлау көркі – осы.

Екі айдан бері Қаратауды қаталатып, бір тамшы тамбай қойған алқара аспан дәл сол күні босап салды. Ақ түйенің қарны жарылғандай, шарбы бұлттардың етегі сөгіліп, Сыр ана ақ жаңбырға бір шомылды. Қаратаудың басынан көш те, көшпелі бұлт та жүзді...

Кеңес үкіметі кезінде мұндай той жыл сайын, әр облыста, тіпті республика деңгейінде өткізіліп тұратын. Тәуелсіздік жылдары ұмыт болған ұлық дәстүр Сыр елінде қайтадан жаңғырып жатыр.

Биылғы слет бұрынғы тойлардан өзгешелеу. Олай болатын себебі, жеті облыстан арнайы қонақ шақырылып, әр өңір өз тәжірибесімен бөлісті. Елге танымал ғалымдар, ауыл шаруашылығы мамандары, төрт түлік малдың республикалық палаталары мен Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстарынан өкілдері қатысты. Олар шетелдің асыл тұқымды малын емес, қазақтың жабы жылқысы мен осы табиғатқа бейімделген қаралы қой, ақтылы сиырдың жергілікті тұқымын қалай көбейту қажет деген сауал төңірегінде ой бөлісті. Сонымен бірге Алматыдан журналистер шақырып, малшылар слетінің ақпарат құралдарында насихатталуы қолға алынды.

Дала базарындай Қаратау қойнауында кереге жайған малшылар слетіне жергілікті шаруалардың ет-сүт өнімі, қой, жылқы, сиырдың бірнеше түрлі тұқымы, ветеринарлық техника мен құрал-жабдықтардың көрмесі ұйымдастырылды. Әркім өзіне қажеттіні тауып, маркайысып жатты.

«Тойдың болғанынан боладысы қызық» деген осы: қаланың қапырығынан қашып, жасыл желекке табаны тиген Қызылорда тұрғындары қаз-қатар тізілген ақбоз үйлерді аралап, бейне айтшылап жүргендей мәре-сәре. Біреулер сахна жақта өтіп жатқан концертті тамашаласа, енді біреулері боз кілемде белдің күшін, ердің намысын сынап жатқан аламанның бел ортасында жүр...

Дала думаны – малшылар слетінің беташар сөзінде Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев өңірдің дамуын әр қырынан баяндады. Өңір басшысының айтуынша, «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» бағдарламаларының аясында мал басы көбейіп, тұқым түрлендіру жұмысы атқарылуда. Жаңадан 134 дана ұңғыма іске қосылып, 25 мың гектар жайылымдық жер суландырылды. Асыл тұқымды мал шаруашылығымен айналысатын репродукторлық шаруашылық құрылған. Тек соңғы 5 жылда 4,5 мың бас асыл тұқымды ірі қара, 36 мың бас қой сатып алынды. Жылына 23 мың бас мүйізді ірі қара малын бордақылайтын алаң құрылысы салыныпты.

Қ.Көшербаевтың сөзінен өңірде жем-шөп қорының аздығын байқадық. Онысы түсінікті. Қызылорда құмды-шөлейт аймақ. Ал өңір басшысы облыста жайылымға жарамды 11 мың гектар жердің бар екендігін, оның тек 24 пайызы ғана суландырылғанын айтты. Демек Сырды сағалаған жұрттың мал өрісінен, жем-шөптен таршылық көретін жайы жоқ. Қырға қарай арық тартылып, құм арасынан құдық қазылса, мөлдір тамшының мәселесі де шешіледі деген сөз.

Ал өңірдегі ет-сүт өндірісі де жылдан-жылға қанаттанып келеді екен. Айталық, 2022 жылға дейін облыста ет өндірісін 13 мың тоннаға, сүт өндірісін 68 мың тоннаға ұлғайту, 2021 жылға қарай ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын 5 есеге арттыру көзделген. Бұл тұрғындары миллионға жетпейтін өңір үшін аз көрсеткіш емес.

Айтпақшы, Қызылорда облысында жыл сайын малшылар слеті, балықшылар слеті және жер емген диқандардың күзгі жиын-терін науқаны дәл осындай дүбірлі той болып өтеді. Жоспар бойынша, малшылар слеті келер жылдан бастап республикалық деңгейде аталады.

Жарас КЕМЕЛЖАН,
арнаулы тілшіміз
Қызылорда облысы

Бәрі білесің?

Кежім табақ. Табақ тартудың бұл түрі қазақ тарихында сирек кездеседі. Кежім табақты өте сыйлы, мәртебелі қонаққа ғана тартқан. Оған қойдың еті бас сирағымен бірге салынады. Төстікті етегімен тұтас ойып, кесіп алады да, тұздап, дәмдеп, бұзып алмай жалпақ күйінде істікке керіп, сексеуілдің қызыл шоғына қақтап, кәуәп сияқты пісіреді. Төстік әбден пісіп, шыжылдап, майы тамып тұрған кезінде, үлкен астау немесе бір қойдың еті сиятын түйе табақтағы еттің үстіне әкеліп жабады.

Баяғыда Абайдың әкесі Құнанбай қажы қытайдағы қазақтарға барғанда, осы астан дәм ауыз тиіпті. Алтайдың атақты Шәку деген байы Құнанбайды қонақ қылып, кежім табақ тартқан. Сонда Құнанбай: «Талай елді араласам да, талай рудың, ұлыстың табағынан дәм татсам да, мынадай табақты көрмеген екенмін. Шәке, бұл тағамды не деп атайды?» – деп, таңданыпты. Шәку бай аға сұлтанға бір ғасырда бір-ақ рет тартылатын, ұлы қонақтың сыбағасы екенін айтып, «кежім табақтың» мәнін түсіндіріпті.

Қазақтың табақ тарту дәстүрі

ТӨРЕ ТАБАҚ. Табақ тартудың тағы бір түрі бар. Ол ел арасында бірде «Төре табақ», бірде «Төбе табақ» деп те аталады. Төре табаққа бір қойдың етін, кәделі жілігін түгел салады. Бабымен пісіреді. Ондай асты қазақтың атақты балуан, батырларының алдына мол етіп тартқан. Төре табақтан ауыз тию, ет асату дәстүрі орындалған.

БАС ТАБАҚ. Аты айтып тұрғандай, бас табақ үйге мәртебелі қонақ, сыйлы кісі, қадірменді қария, алыстан жолаушы келгенде тартылатын ас түрі. Халқымыз қалап шақырған мейманға да бас табақ тартқан. Табаққа қойдың басын, жамбасын, ортан жілігін, сүбе-қабырғасын, жауырынын, белдемесін, кәрі жілігін тұтас салып, қонаққа ерекше құрметпен тартады. Бас табаққа жасалатын екі рет бата жасалатын болған.

ОРТА ТАБАҚ. Бас табақтан қалған еттің кәделісін, жілік пен жамбасты, ортан жілік пен жауырынды, қабырға мен арқаны, белдеме мен кәрі жілік сияқты сыбағалы жіліктерді бас табақтан кейін отырған жасы кіші қонақтарға тартқан. Орта табақ қашан да бас табақпен бірге жүреді.

АЯҚ ТАБАҚ. Үлкен кісілерге бас табақ, одан кейінгілерге орта табақ тартылған соң, босағада отырған жастар мен ауыл арасындағы күнделікті келімді-кетімді көршілерге аяқ табақ тартады. Аяқ табаққа асық жілік, төс, құйымшақ, қабырға, арқа, белдеме, ішек-қарын салынады.



БАЛА ТАБАҚ. Халқымыз үйге қонақ боп келген балаларға арнайы табақ тартып, дәм сыйлап отырған. Мұндай табаққа асықты жілік, жауырын, ортан жілік, арқа, белдеме, тіл-жақ, қара қабырға салынады. Мойын омыртқаны да қосады. Бұл бала табақ деп аталған.

Дайындаған
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

***Талғат ӘШІМОВ** – кәсіби фотосуретші. Әріптесіміз. Талғат Post Card. kz айдарымен Маңғыстаудың әсем көрінісін назарларыңызға ұсынады.*

Маңғыстау. Жаңаөзен

Маңғаз Маңғыстаудың ақша таулары табиғаттың ерекше жаратылысы. Ақ мамыққа оранған табиғи сарай, көгілдір аспан, құйындап соққан жел, қиыршық құмдар... Бұл осы қасиетті мекеннің көрінісі.

Айшық

Астанада «Алланың гүлі»

Рамазан айының қарсаңында Елордада ерекше мешіт ашылды. Ғимарат постмодернизм стилінде салынған.

Күмбезінің диаметрі – 26 метр. Мешіттің бас имамы Жақия қажының айтуынша, мұнараның үстінен қарағанда ғибадатхана гүлге ұқсайды. Халық арасында «Алланың гүлі» деп аталады. Күмбездің айналасында ғана Алла тағаланың тоқсан тоғыз аты жазылған. Басқа жерінде адамның ойын басқа жаққа бұратын ешқандай әшекей, ою-өрнек жоқ. «Алланың гүлі» кешенінің сәулетшісі Сағындық Жанболатов ерекше мешіт қуатты күннен алатынын айтты. Тіпті артық энергия өндіруге мүмкіндігі бар. Оны қалаға сатса, жылына 4 млн теңге пайда көруге болады екен. Жаңа мешітке 750 адамға арналған.

Jas qazaq ұжымы газетіміздің Бас есепшісі Расима Әкімбековаға анасы

Мақаш РАЙЫМБЕКҚЫЗЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Jas qazaq газетінің ұжымы белгілі журналист Төлеген Жұмабекке жұбайы

Раушан ЖАҢАБАЙҚЫЗЫНЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Бас редактор – директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА –
арнаулы тілші
Әбдіманап КЕҢЕС –
жастар және ғылым
Кәмшат ТӨЛЕШОВА –
терімші
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ –
web-сайт

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Бейсен НАРЫНБЕК – Астана қаласы (8 702 799 79 23)

Байқал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Лина АЙДЫН – Алматы облысы (8 707 666 16 03)

Баян ЖАНҰЗАҚОВА – Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат *(М.Мақатаев көшесінің қиылысы)*
Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі)

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2113;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы – 40 000 дана

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.